

Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бір ай мерзімде әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және оған тартылған басқа да барлық министрліктер, агенттіктер мен облыстардың әкімдері Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі бақылау мен үйлестіру Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

А с т а н а , 2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 0 ш і л д е

N 1149

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 0

ш і л д е д е г і

N

1 1 4 9

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы

Астана, 2003 жыл

Паспорт

Атауы

Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Негізі	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылға арналған негізгі бағыттары туралы", "Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары туралы" Қазақстан халқына
Негізгі	Жолдаулары әзірлеуші министрлігі
Мақсаты	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Ауылда қоныстануды оңтайландыру негізінде ауылдың (селоның) тіршілігін қамтамасыз етудің қалыпты жағдайларын жасау
Міндеттері	Бағдарламаның мақсаты қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді: ауылдық елді мекендерді (бұдан әрі - АЕМ) паспорттау негізінде әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша қазіргі ахуалға талдау жасау; АЕМ-ді әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерінің өлшемдері бойынша жіктеу; экономикалық қызметті дамыту, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін салуға, жөндеуге және қайта жаңғыртуға инвестиция салу жөніндегі бірінші кезекті міндеттерді әзірлеу; АЕМ-дің әлеуметтік-экономикалық дамуына, ауылдық аумақтардың экологиялық қауіпсіздігіне, жер ресурстарын бағалауға мониторинг ұйымдастыру, ауыл тұрғындарын әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым қызметтерімен қамтамасыздандыру нормативтері мен стандарттарын әзірлеу; ауыл тұрғындарын қоныс аударуға ынталандыру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру; тиімді ауылдық қоныстану моделін әзірлеу және оны іске асыру жөніндегі іс-шараларды өткізу.
Негізгі басылымдықтар	Мемлекеттік қолдау шаралары бәрінен бұрын ауыл тұрғындарының қажетті табыс деңгейін қамтамасыз ететін, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жоғары АЕМ-ге тіршілік қамтамасыз ету инфрақұрылымын дамытуға бағытталатын болады

Қаржыландыру көздері Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты, бюджеттен тыс көздер қаражаты (заем қаражаты, тікелей инвестициялар, гранттар және басқа да қаржы институттарының қаражаты)

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін түпкі нәтиже Бірінші кезеңде - ауыл тұрғындарына әлеуметтік игіліктердің көкейге қонымды деңгейін қамтамасыз ететін АЕМ экономикасының серпінді өсуіне қол жеткізу, екінші кезеңде - ауыл тұрғындарын тіршілікті қамтамасыз ету үшін келешегі бар өңірлерге оңтайлы қоныстандыру

Іске асыру мерзімі Бірінші кезең - 2004-2006 жылдар, екінші кезең 2007-2010 жылдар

"... Қазақстанда тарихи, әсіресе әміршіл экономика дәуірінде, адамдарды ауылдық жерлерде қоныстандыру нарықтық экономика тұрғысынан да, әлеуметтік және экологиялық жағынан да сәтсіз қалыптасып келді. Нәтижесінде құлдырау экономикасы көптеген ауылдық аудандардың сипатты белгісіне айналды.

...Мемлекеттің күллі қаржы-экономикалық саясаты, соның ішінде әлеуметтік және ауыл шаруашылық саясаты адамның тіршілігі мен нарықтың жұмыс істеу тұрғысынан тек перспективалы аумақтарға ғана іріктеп бағытталуға тиіс."

Н.Назарбаев

Кіріспе

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2005 жылдарға арналған стратегиялық бағытында ауыл проблемалары басымдық болып айқындалған. 2002 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен агрозық-түлік кешенінің тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды көздейтін осы кезеңге арналған Мемлекеттік агрозық-түлік бағдарламасы бекітілген болатын.

Сонымен қатар, жалпы экономикалық өсу аясында қала және ауыл тұрғындарының тұрмыс деңгейіндегі алшақтық күшейе түсуде, табыстардың өңірлік айырмашылықтары да елеулі. Ауылдық жерде ел халқының 43%-ы тұрады, ресми статистика деректеріне қарағанда олардың үштен бірінің табысы ең төменгі өмір сүру деңгейінен төмен. Бұл халдің одан әрі орнығуы ел халқының тұрмыс деңгейі бойынша жіктелуін күшейтеді, қоғамның әлеуметтік-саяси ахуалына кері әсерін тигізеді, елдің адамдық даму көрсеткіштері мен инвестициялық бет-бейнесінен көрініс береді.

Агрозық-түлік секторының даму ерекшеліктері мен ауыл шаруашылығы қызметінен түсетін табыстардың өсуін ескере отырып, ауыл халқының қазіргі шамадан тыс көптігі халықтың тұрмыс деңгейінің өсуіне тұсау болатын себептердің бірі болып

табылады және елдің тұрақты дамуын жоспарлаған кезде күрделі проблемаға айналады

Проблема әкімшілік экономика кезеңінен сақталып қалған қоныстанудың ұтымсыз схемаларымен одан әрі ширыға түседі, нәтижесінде инвестициялық бағдарламаларды түзу кезінде ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына бағытталатын қаражатты тиімсіз салу жалғасуда, көші-қоны үдерістері стихиялы, игерілмейтін сипатқа ие.

Осы Бағдарламаны әзірлеу ауыл аумақтарын тиімді дамыту және ресурстарды экономикалық перспективалы тіршілік кешу орындарында шоғырландыруға мүмкіндік беретін әрі ауыл халқы табысының көкейге қонымды деңгейін қамтамасыз ететін ауылда қоныстанудың оңтайлы схемаларын түзу жөнінде шаралар қолдану қажеттігінен туындады.

I. Ауылдық аумақтардың дамытудың мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамалық негіздері, мақсаты, міндеттері және іске асыру кезеңдері

1.1. Тұжырымдамалық негіздер

Ауыл шаруашылығы өндірісінің басқа салалардан айырмашылығы және оның ерекшелігі ауыл шаруашылығы - тек өндіріс саласы ғана емес, ел халқының ауқымды тобының өмір сүру аясы да болып табылады. Ауыл экономикасы және ауылдық мекен ажырағысыз байланысты: ауылдық мекендер тарихи тұрғыда ауыл шаруашылығы қызметінің негізінде қалыптасып, өзінің тіршілігін оның тоқтатылуымен қатар доғарып отырды. Бұл үдеріс бүгінгі таңда да жалғасуда. Тек қана 2000-2002 жылдарында 300-ге жуық елді мекен өзінен-өзі тарап кетті. Әкімдіктердің деректері бойынша бүгінгі таңда 136 таратылмаған, тұрғын халқы жоқ ауылдық елді мекендер бар.

Агроөндірісті реформалау үдерісі, оны нарық соқпағына көшіру, ауыл шаруашылығы әлеуетінің өсуін бағалау үшін маркетингтік стратегияны қолдану ауыл халқының шамадан тыс көптігі проблемасының бетін ашты. Ішкі нарық сыйымдылығы елде өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерін теңдестірілген тұтыну үшін жеткіліксіз. Оларды өндіруден алынатын табыстар ауыл тұрғындарының тіршілігін қамтамасыз етудің ең төменгі стандарттарын қамтамасыз етпейді. Есептеулер көрсеткендей, ең төменгі өмір сүру мөлшеріне тең (4,6 мың тг) орташа жан басылық деңгейге жету үшін ауыл халқының саны 5,6 млн. адамды құрауға тиіс, яғни 900 мың адамды босатып шығару қажет, ал ҚР бойынша жан басына шаққандағы орташа ақшалай табыстың 7,7 мың теңгеге тең деңгейінде ауыл халқының саны 2 есеге дерлік қысқарып, 3,5 млн адамды құрауға тиіс.

Аграрлық сектор, ауа райы ахуалы бойынша қолайлы соңғы жылдарға қарамастан экономиканың жоғары тәуекелді және пайдасы төмен саласы болып қалып отыр. Сыртқы және ішкі нарықтардың сыйымдылығын ескере отырып, ауыл шаруашылығы

өнімдерінің болжамды өсімі оптимистік көзқарас бойынша 2006 жылдың соңына қарай 10%-дан сәл артықты құрайды (инфляцияны ескермегенде 612 млрд. тг). Аграрлық секторда табыстың өсуін арттыру үшін мүмкіндіктер шектеулі деп пайымдауға болады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің агротехнологиялары мен технологияларының төмен деңгейі отандық өнімдердің әлемдік және ішкі нарықтардағы бәсеке қабілетсіздігінің негізгі себебі болып табылады, агросекторда ықтимал табысты қысқартады. Сондықтан Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасында аграрлық экономиканы интенсификациялау, ғылыми негізделген агротехнологияларды пайдалану есебінен шығындарды қысқарту жөніндегі шаралар көзделеді, мұның өзі келешекте салада жұмыс істейтін адамдарды қосымша босатуға а л ы п к е л е р і с ө з с і з .

Осы тұрғыда ауылдағы шамадан артық қоныстану мен ауылдық қауымдастықтардың өмір-тіршілігіне лайықты жағдайды қамтамасыз ету проблемасы ө з е к т і б о л м а қ .

Ауылды көтеру проблемасы мемлекеттік реттеудің жекелеген мәселелеріне жауапты әрбір ведомство немесе жергілікті билік органы оларды өзіндік мақсаттылық деңгейінде шешуге әрекеттенген, ескірген шығынды әдістермен шешілуге тиіс емес. Проблеманы тұтас алғанда тиісінше түсінбей, ағымдағы міндеттерді шешуге елеулі мемлекеттік ресурстар тартылып келді. Осылайша ахуал тұмшаланып қала берді, ал қолдағы қаражат тиімсіз пайдаланып келді.

Президент Жолдауында адамның өмір-тіршілігі және нарықтың жұмыс істеу тұрғысынан келешегі бар ауыл аумақтарын қолдауға бағытталған мемлекеттік саясаттың қажеттігі ерекше атап өтіледі.

Ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеудің әлемдік тәрбиесі көпшілік елдердің ауыл өңірлерін дамытуды мемлекеттік реттеуі негізінде ауылдық аумақтардың экономикасымен тікелей байланысты табыстар деңгейінің көрсеткіштері жататындығын көрсетеді (халықтың жан басына шаққандағы ІЖӨ, жан басылық табыс, ж ұ м ы с с ы з д а р д ы ң ү л е с і) .

Әлемдік Банктің жіктемесі бойынша Қазақстан халықтың жан басына шаққанда ІЖӨ өндіру көрсеткіштері бойынша табысы деңгейі төмен елдер тобына жатады. Қазақстан 1 ауыл тұрғынына келетін ауыл шаруашылығы ЖӨ деңгейі Ресейге қарағанда 1,8 есе төмен, Украинаға қарағанда 1,3 есе төмен, Түркияға қарағанда 3 есе төмен, Оңтүстік Кореядағыға, Германиядағыға қарағанда 7,5 есе төмен, Франциядағыға қарағанда 8,8 есе төмен, Бельгиядағыға қарағанда 43 есе төмен.

Баяндалғанның негізінде ауыл аумақтарын дамытудың мемлекеттік саясатының тұжырымдамалық негізі оның ауыл экономикасын дамыту перспективаларымен байланысты болып табылатындығы жөнінде қорытынды жасалды.

Ауыл аумақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) объектісі болып ауылдық елді мекен - тұрғындары негізінен ауыл шаруашылығымен шұғылданатын жинақы қоныстанған аумақтағы қоныс айқындалады . Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңында белгіленген "ауылдық елді мекен" ұғымының "ауыл (село)" ұғымынан айырмасы бар. Мәселен, Заңның қағидаларына сәйкес ауылдың (селоның) айырым белгілері мыналар болып табылады:

а) елді мекеннің белгіленген тәртіппен есепке алынуы және тіркелуі;
б) оның жергілікті өкілетті және атқарушы органдар арқылы басқарылуы;
в) 50 адамнан кем емес адам саны, олардың ішінен ауыл шаруашылығы өндірісімен шұғылданатын жұмыскерлер мен олардың отбасыларының мүшелері тұрғындардың кемінде жартысын құрайды .

Сонымен қатар, Заңның 2-бабында "қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, сондай-ақ кенттердің жататындығы; ауылдық елді мекендерге олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан қалған барлық елді мекендердің жататындығы" туралы айтылады.

Бүгінгі таңдағы ақиқат Заңда берілген анықтамалардан өзгеше, мұның өзі оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет етеді.

Облыстық әкімдіктер ресми ұсынған 7660 ауылдық елді мекендердің ішінен 500-нен астамында 50-ден кем адам тұрады, қалалардың аумақтық шекарасына енгізілген көптеген станциялар мен разъездер (257), тұрғындары іс жүзінде ауыл шаруашылығы қызметімен шұғылданатын селолар (317) бар. Оларда тұратын халықтың саны 579 540 адамды құрайды, олар өздерін ауыл тұрғындары деп санайды және ауыл проблемаларына мемлекеттің назар аударуына үміт артады.

Бағдарламада әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін сипаттайтын өлшемдер тобы бойынша, ауылдық елді мекендердің жіктемесі беріледі, олардың ішінде экономикалық әлеуетін бағалау басым болып табылады. Әлеуметтік қолдау шаралары бәрінен бұрын ауыл тұрғындарының қажетті табыс деңгейін қамтамасыз ететін, әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары ауылдық елді мекендерге тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымын дамытуға бағытталатын болады.

1.2. Мақсаты мен міндеттері

Ауыл аумақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасының мақсаты ауылда орналасуды оңтайландыру негізінде селоның (ауылдың) тіршілігін қамтамасыз етуге қалыпты жағдайлар туғызу болып табылады.

Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді :

1. Ауылдық елді мекендерді (бұдан әрі - АЕМ) паспорттау негізінде әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша қазіргі ахуалға талдау жасау .

2. АЕМ-ді әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерінің өлшемдері бойынша ж і к т е у .

3. Экономикалық қызметті дамыту, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін салуға, жөндеуге және қайта жаңғыртуға инвестиция салу.

4. АЕМ-нің әлеуметтік-экономикалық дамуына, ауылдық аймақтардың экологиялық қауіпсіздігіне, жер ресурстарын бағалауға мониторингті ұйымдастыру; ауыл тұрғындарының әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым қызметтерімен қамсыздандырылуының нормативтері мен стандарттарын әзірлеу.

5. Ауыл тұрғындарын қоныс аударуға ынталандыру бағдарламаларын әзірлеп, іске а с ы р у .

6. Тиімді ауылдық қоныстану моделін, соның ішінде қолайсыз экологиялық жағдайлы АЕМ-ді, әзірлеу және оны іске асыру жөніндегі іс-шараларды өткізу.

1.3. Іске асыру мерзімдері

Бағдарлама шеңберінде шешілетін проблемалардың ауқымы мен жаңалығы, әзірленіп отырған шараларды республикалық және жергілікті бюджеттердің мүмкіндіктерімен үйлестіру қажеттілігі, оның екі кезеңде іске асырылуын негіздейді.

Бірінші кезеңде (2004-2006 жж.) алғашқы үш міндетті шешу көзделеді. Сондай-ақ олардың негізінде табыстардың және қызметтердің құны бойынша теңдестірілген оңтайлы ауылдық қоныстану үлгісі моделін қалыптастыру үшін ауыл тұрғындарының әлеуметтік және инженерлік қамсыздандырылуының ұлттық стандарттарын даярлап бекіту, оңтайландырылған көші-қон ағымдарын мемлекеттік реттеу және ауыл қоныс аударушыларын қолдау шараларының бағдарламасын даярлау, қолда бар заңнамалық базаға тексеру жүргізіп, тиісті нормативтік құжаттарды әзірлеу қажет.

Екінші кезеңде (2007-2010 жж.) әрбір АЕМ* сыйымдылығына ықтимал бағалау жүргізілетін болады, ауылда орналасуды оңтайландыру, ауыл тұрғындарының неғұрлым тұрмыс деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар іске асырылады, ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту негіздері жасалады.

*) елді мекеннің ықтимал сыйымдылығы - бір елді мекеннің шекарасындағы, табыстың нормативтік деңгейін иеленетін ауыл халқының шекті санын сипаттайтын көрсеткіш.

2. Ауыл аумақтарының жай-күйін талдау

2.1. Экономика мен ауыл халқы табыстарының даму деңгейі

Елдің жалпы ішкі өніміндегі ауыл шаруашылығының үлесі шамамен 8,5%-ын құрайды және де таяудағы және ұзақ мерзімді келешекте елеулі өзгермейді, мұның өзі мұнай өндіруші салалардағы көлемдердің өсуімен, тағам өнімдерінің ішкі нарығының шектеулі сыйымдылығымен, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сыртқы нарықтарының тұрлаусыздығымен, үлкен көлік шығыстары мен агротехнологиялардың төмен деңгейі

салдарынан Қазақстан өнімдерінің әлсіз бәсекелестік қабілеттілігімен байланысты. Мемлекеттік агрозық-түлік бағдарламасына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерінің болжамды өсімі 2006 жылдың соңына қарай 10%-дан сәл ғана жоғары болмақ.

Республика ауыл шаруашылығының ЖӨ-дегі ең жоғары үлес Қостанай (14,2%), Алматы (13,6%), Оңтүстік Қазақстан (12,3%), Солтүстік Қазақстан (12,1%), Ақмола (11,7%) және Шығыс Қазақстан (9,9%) облыстарының еншісінде. Ең төмен үлес Маңғыстау (0,2%), Атырау (1%), Қызылорда (1,9%) облыстарына келеді.

Ауыл шаруашылығының республикалық ЖӨ-дегі өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының ара қатынасы - 58,5 және 41,5%. Негізінен өсімдік шаруашылығымен Ақмола, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында, мал шаруашылығымен Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстарында айналысады. Қалған облыстарында шамамен бірдей ара-қатынас байқалады (1 кесте).

1 к е с т е

Көрсеткіштер	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс	Жамбыл
					Қ а з а қ .	
					с т а н	
Ауыл шаруашы. л ы ғ ы млрд. теңге	64,9	20,05	75,2	5,7	54,7	31,2
Республика а у ы л л ы ғ ы үлес, %	11,7	3,7	13,6	1,0	9,9	5,6
Ауыл өсім. ш а р у а . ш ы л ы ғ ы Ж Ө , с . і .	69,4	36	53,5	18,8	50,9	63,5
мал	30,6	64	46,5	81,2	49,1	36,5

К е с т е н і ң

ж а л ғ а с ы

Көрсеткіштер |Батыс |Қарағанды |Қостанай |Қызылорда |Маңғыстау

Бонитеттің жоғары балын республиканың солтүстіктегі астық себуші - Ақмола (38), Қостанай (32), Солтүстік Қазақстан (34) және Шығыс Қазақстан (31) облыстарындағы топырақ иеленеді. Нақ осы облыстарда 1 адамға шаққанда егістікпен неғұрлым қамтамасыз етілу тән.

Жайылымдармен Маңғыстау (1 шартты мал басына шаққанда - 102,4 га), Қарағанды (54,5 га) және Атырау (33,7 га) облыстары - республиканың орталық және батыс бөлігі неғұрлым қамтамасыз етілген.

100 ауыл тұрғынына келетін ауылдық кәсіпкерлік объектілерінің саны республикада орташа алғанда 3,1-ді құрайды. Ауылдық жердегі 100 ауыл тұрғынына келетін кәсіпкерлік объектілерінің неғұрлым көбірек саны Ақтөбе - 4,8, Оңтүстік Қазақстан - 4,8, Алматы - 3,9, Шығыс Қазақстан - 3,4 облыстарында шоғырланған. Ең төменгі көрсеткіштер - Атырау және Қызылорда облыстарында.

Ауылдық жерде 1000 тұрғынға келетін ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындардың неғұрлым көбі Павлодар (2,4), Солтүстік Қазақстан (2,2), Қарағанды (1,2) және Қостанай (1,2) облыстарында. Бәрінен де азы - Атырау, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында - 0,2-ден.

2 к е с т е

Көрсеткіштер	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс	Жамбыл
					Қ а з а қ .	
					с т а н	
Ауыл шаруашы. л ы ғ ы млрд. теңге	64,9	20,05	75,2	5,7	54,7	31,2
Өнімді ө т к і з у д е н т ү с к е н млрд. теңге	15,9	1,4	17,3	7,8	2,0	3,3
%	24,5	6,8	23,0	136,8	3,7	10,6

К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Көрсеткіштер	Батыс	Қарағанды	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау
	Қ а з а қ .				
	с т а н				

Ауыл шаруашы. л ы ғ ы млрд. теңге	21,6	27,5	78,6	10,7	1,1
			Ж Ө		
Өнімді ө т к і з у д е н т ү с к е н млрд. теңге	0,9	2,4	20,3	1,2	3,3
%	4,2	8,7	25,8	11,2	300,0

К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Көрсеткіштер	Павлодар	Солтүстік	Оңтүстік	Республика
			Қазақстан	Қазақстан
Ауыл шаруашы. л ы ғ ы млрд. теңге	27,3	67,0	68,1	555,1
		Ж Ө		
Өнімді ө т к і з у д е н т ү с к е н млрд. теңге	1,5	6,9	7,3	91,4
%	5,5	10,3	10,7	16,5

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру құрылымында 38%-ға жуығы үш солтүстік астық себетін облысқа (Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан) және 32%-ға жуығы үш оңтүстік облысқа (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан) келеді (2-кесте).

Ауылдық жерде үй шаруашылықтарының тұтынуға жұмсалған табыстары 2002 жылғы III тоқсанда республика бойынша айына орта есеппен бір жан басына шаққанда 5036 теңгені құрады. Табыстардың орташа республикалық деңгейден жоғары деңгейі Ақмола - 6313 теңге, Ақтөбе - 6660 теңге, Қостанай - 6446 теңге, Солтүстік Қазақстан - 6319 теңге - облыстарында қалыптасты. Төменірек - Қызылорда - 3532 және Маңғыстау - 3459 теңге - облыстарында.

Экономикалық қызмет тиімділігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын ықтимал өткізу нарықтарынан - аудан орталықтарынан, қалалардан, темір жол станцияларынан, автомагистральдардан бәрінен де шалғай орналасқан АЕМ Ақтөбе, Атырау және Қарағанды облыстарында. Өткізу нарықтарынан 100 шақырымнан артық

қашықтықта тұрған АЕМ-дер осы облыстарда тиісінше 8,4; 7,6; 5,7%. Шығыс Қазақстан облыстарында мұндай АЕМ-дер жоқ. Жамбыл облысында - 2 АЕМ, Павлодар облысында - 3, Оңтүстік Қазақстан облысында - 6 (1 диаграмма).

1 диаграмма

Өткізу рыноктарынан 100 км-ден астам

қашықтықтағы АЕМ-дің саны және үлес салмағы, %

1 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз.

Республика өңірлері бойынша табыстар деңгейінің жіктелісі елеулі. 2002 жылдың 3 тоқсанында күнкөріс минимумынан төмен табысы бар ауылдықтардың үлесі республика бойынша 32,6%-ды құрады, мұның өзі қалалық деңгеймен салыстырғанда 16,4%-ға жоғары. Осы көрсеткіштің төмен деңгейі - Ақмола (25,3%), Қостанай (27,4%), Солтүстік Қазақстан (26,6%), Оңтүстік Қазақстан (23%) облыстарында, ал жоғары деңгейі - Маңғыстау (83,6%) және Қызылорда (52,1%) облыстарында (3 кесте).

Ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығы жалпы өнімін өндіру республика бойынша бір жан басына шаққанда айына 7168 теңге құрады (салыстыру үшін: бұл көрсеткіш республика бойынша қала халқы үшін 22691 тг құрайды). Маңғыстау облысында 1284 теңге, Атырау - 2515 теңге, мұның өзі тіпті азық-түлік қоржынына деген шығыстарды да жаппайды (3 кесте). Осы облыстарда қалыптасқан ахуал ауыл экономикасы мен халықтың табысын көтеру үшін нақты көмек шараларын талап етеді.

3 к е с т е

Көрсеткіштер	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс	Жамбыл
					Қ а з а қ .	с т а н
2002 жылы*	14388	5830	5614	2515	7521	4844
х а л ы қ т ы ң						ж а н
б а с ы н а						
ш а қ қ а н д а						а у ы л
ш а р у а ш ы л ы ғ ы н ы ң						
ж а л п ы						ө н і м і н
ө н д і р у						б і р
а й ғ а						
есептегенде						
2002 жылдың	4803	4957	4594	5942	4616	3954
І І І						т о қ с .
о р т а ш а						ж а н

б а с ы н а			ш а қ қ а н .				
д а	б і р			а й д а ғ ы			
к ү н к ө р і с				м и н и .			
м у м			к ө л е м і ,				
теңге							
2002 жылдың	6313	6660	4532	5417	6029	3978	
І І І			т о қ с .				
о р т а ш а			ж а н				
б а с ы н а			ш а қ қ а н .				
д а	б і р			а й д а			
т ұ т ы н у ғ а							
ж ұ м с а л ғ а н				ү й			
ш а р у а ш ы л ы қ т а .							
р ы н ы ң			т а б ы с т а .				
ры, теңге							
2002 жылы күн.	25,3	34,4	39,6	45,9	29,9	33,5	
к ө р і с т і к			м и н и .				
м у м			к ө л е м і н е н				
т ө м е н			т ұ т ы н у ғ а				
ж ұ м с а л ғ а н							
т а б ы с т а р ы				б а р			
а у ы л д ы қ				ж е р			
х а л қ ы н ы ң							
үлесі, %							
2002 жылдың	3362	3470	3216	4159	3231	2768	
І І І			т о қ с .				
о р т а ш а			ж а н				
б а с ы н а			ш а қ қ а н .				
д а	б і р			а й д а ғ ы			
а з ы қ - т ү л і к							
қ о р ж ы н ы н ы ң							
к ө л е м і , теңге							
2002 жылы	6,4	19,2	17,0	16,1	11,4	13,2	
а з ы қ - т ү л і к							
қ о р ж ы н ы н ы ң							
к ө л е м і н е н							
т ө м е н			т ұ т ы н у ғ а				
ж ұ м с а л ғ а н							
т а б ы с т а р ы				б а р			

а у ы л д ы қ ж е р
х а л қ ы н ы ң
ү л е с і , %

К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Көрсеткіштер	Батыс Қ а з а қ . с т а н	Қарағанды 	Қостанай 	Қызылорда 	Маңғыстау
2002 жылы* х а л ы қ т ы ң б а с ы н а ш а қ қ а н д а ш а р у а ш ы л ы ғ ы н ы ң ж а л п ы ө н д і р у а й ғ а есептегенде	5175	10003	15334	3659	1284
2002 жылдың І І І о р т а ш а б а с ы н а д а к ү н к ө р і с м у м теңге	4836	4831	4533	4171	6603
2002 жылдың І І І о р т а ш а б а с ы н а д а т ұ т ы н у ғ а ж ұ м с а л ғ а н ш а р у а ш ы л ы қ т а . р ы н ы ң ры, теңге	5268	5277	6446	3532	3459
2002 жылы күн. к ө р і с т і к	35,1	30,1	27,4	52,1	83,6

м у м		к ө л е м і н е н			
т ө м е н		т ұ т ы н у ғ а			
ж ұ м с а л ғ а н					
т а б ы с т а р ы				б а р	
а у ы л д ы қ				ж е р	
х а л қ ы н ы ң					
ү л е с і , %					
2002 жылдың	3385	3382	3173	2920	4622
І І І		т о қ с .			
о р т а ш а				ж а н	
б а с ы н а				ш а қ қ а н .	
д а	б і р			а й д а ғ ы	
а з ы қ - т ү л і к					
қ о р ж ы н ы н ы ң					
к ө л е м і н е н					
т ө м е н					
ж ұ м с а л ғ а н					
т а б ы с т а р ы				б а р	
а у ы л д ы қ				ж е р	
х а л қ ы н ы ң					
ү л е с і ,				%	

К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Көрсеткіштер	Павлодар	Солтүстік	Оңтүстік	Республика
			Қазақстан	Қазақстан

2002 жылы*	8475	13116	4272	7168
х а л ы қ т ы ң				ж а н
б а с ы н а				
ш а қ қ а н д а				а у ы л
ш а р у а ш ы л ы ғ ы н ы ң				
ж а л п ы				ө н і м і н

ө н д і р у		б і р		
а й ғ а				
есептегенде				
2002 жылдың	4844	4716	3787	4734
І І І		т о қ с .		
о р т а ш а		ж а н		
б а с ы н а		ш а қ қ а н .		
д а	б і р		а й д а ғ ы	
к ү н к ө р і с			м и н и .	
м у м		к ө л е м і ,		
теңге				
2002 жылдың	4799	6319	4089	5036
І І І		т о қ с .		
о р т а ш а		ж а н		
б а с ы н а		ш а қ қ а н .		
д а	б і р		а й д а	
т ұ т ы н у ғ а			ү й	
ж ұ м с а л ғ а н				
ш а р у а ш ы л ы қ т а .				
р ы н ы ң		т а б ы с т а .		
ры, теңге				
2002 жылы күн.	41,4	26,6	23	32,6
к ө р і с т і к		м и н и .		
м у м		к ө л е м і н е н		
т ө м е н		т ұ т ы н у ғ а		
ж ұ м с а л ғ а н				
т а б ы с т а р ы			б а р	
а у ы л д ы қ			ж е р	
х а л қ ы н ы ң				
үлесі, %				
2002 жылдың	3391	3301	2651	3314
І І І		т о қ с .		
о р т а ш а		ж а н		
б а с ы н а		ш а қ қ а н .		
д а	б і р		а й д а ғ ы	
а з ы қ - т ү л і к				
қ о р ж ы н ы н ы ң				
көлемі, теңге				

2002 жылы	19,6	8,7	5,9	13
азық - түлік қоржынының көлемінен төмен		тұтынуға		
жұмсалған табыстары		бар		
ауылдық халқының үлесі,		жер		
		%		

*Алдын ала деректер (Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі; жинақ "Ауылдың (селоның) 2002 ж. мониторингі")

2.2. Инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі

Сумен қамту. АЕМ-нің көпшілік бөлігі ауыз сумен қамтамасыз етілуде қиындықтарды бастан кешіріп отыр. Сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымның мұндай күйінің негізгі себебі оны ұстау және дамыту үшін қаражаттың жоқтығымен байланысты.

Өзен ағындыларының көлемі бойынша Қазақстан сумен аса кем қамтамасыз етілген елдер қатарына жатады. Су кем жылдары су ресурстарының жалпы көлемі 58 текше км-ге дейін, ал қолда бары, тиісінше 26 текше км-ге дейін төмендейді.

1996 жылға дейін ауылдық сумен қамту ұзындығы 13,5 мың км 54 топтық су құбырларын, ұзындығы 17,6 мың км 1,5 мың жергілікті су құбырларын, ұзындығы 3,7 мың км аса кентішілік желілерден тұрды, мұның өзі сумен тұрғын халқы 3 млн адамға жуық 2935 АЕМ-ді және 16,2 млн мал басын қамтамасыз етті; ирригациялық (суландыру) құрылыстарымен 97,5 млн га жайылым суарылды. Қазір іс жүзінде барлық су объектілерінің сапалық жай-күйі қанағаттанғысыз деп бағаланады.

Ауылдық жерде ауыз су проблемасы екі негізгі себептен туындайды: сумен қамтамасыз ету жүйесінің бұзылуымен және жер бетіндегі әрі жер асты суларының ластануының жоғары деңгейімен. Қазіргі таңда АЕМ-ің 72,4%-ында (5543 бірлік) су құбырлары жоқ (2 диаграмма).

2 диаграмма

Су құбырлары жоқ АЕМ-дің саны мен үлес салмағы, %

2 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

Бұл көрсеткіш Ақтөбе - 87,5% (386 АЕМ), Атырау - 81,7% (161), Шығыс Қазақстан - 77,5% (664), Батыс Қазақстан - 82,4% (426), Қостанай - 87,1% (667), Маңғыстау - 87,5% (35), Павлодар - 88,6% (451) және Солтүстік Қазақстан - 79,7 (605) облыстарында республикалық көрсеткіштен жоғары.

АЕМ-нің 63% астамы (4862) ауыз суға орталықсыздандырылған сумен қамтамасыз ету көздерінен - құдықтардан, бұлақтардан, айырым желілері жоқ артезиан ұңғыларынан алынған суды пайдаланады, олардағы судың сапасы республика бойынша микробиологиялық және санитарлық-химиялық көрсеткіштер жөнінен нормативтерге сәйкес келмейді. Сапасы кепілдік берілмеген тасып әкетілетін суды олардың ішінен 682 АЕМ немесе жалпы санының 9% пайдаланады (4 кесте).

4 кесте
АЕМ-ді сумен қамту жүйесінің жай-күйі

Сумен қамтамасыз ету көзі	2002 ж.		1991 ж.		2002 жылдың 1991 жылға арақатынас санының %
	ЕМ саны	ЕМ жалпы санының %	ЕМ саны	ЕМ жалпы санының %	
Орталықтан алынған сумен қамтамасыз ету	2116	27,6	3878	49,4	-44,5%
Жергілікті көздер	4862	63,4	3633	46,3	+37%
Тасылатын су	682	9	334	4,2	+114,5%

Көлік инфрақұрылымы. Сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету саласындағы проблемалармен қатар ауылдық өңірлердің экономикасын көтеру үшін автомобиль қатынасын, жолдар мен жол бойындағы инфрақұрылымды дамытудың шешуші маңызы бар. Бұл ретте облыстық және аудандық жолдар өңірлердің балансына берілген кезден бастап оларды қаржыландыру және күтіп ұстаумен байланысты ахуал, пайдаланылатын жолдар мен олардағы жасанды құрылыстардың интенсивті түрде тозуына және бұзылуына жетелей отырып, жылдан жылға нашарлай түсуде. АЕМ арасындағы оларды өзара, сондай-ақ аудан және облыс орталықтарымен байланыстыратын автомобиль қатынасы іс жүзінде дамымаған және күрделі күйде. Әсіресе бұл тұрақты жолаушы автомобиль қатынасына қатысты. Бүгінгі таңда республиканың 500 елді

мекенінен астамы өздерінің шалғайлығына және жергілікті жолдардың техникалық күйінің төмендігіне байланысты осындай қатынастан ада, ал қысқы уақытта аудан орталықтарынан әдетте толық оқшауланып қалады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда жалпы пайдаланудағы автожолдардың ұзындығы 88 мың км құрайды, олардың 65 мың км немесе 74% жергілікті маңызы бар жолдар болып табылады. 1998-1999 жылдары жергілікті маңызы бар жолдар өңірлердің балансына берілген кезде 40,4 мың км жол (ұзындығының 61%) қанағаттанарлық күйде болды. 1997 жылдан бастап жолдардың жай-күйі туралы ауқымды зерттеулер жүргізілген жоқ, жолдардың жай-күйі аса төмен қаржыландырумен байланысты одан әрі нашарлады. Өңірлердің жол-көлік саласы қаржы ресурстарына өткір мұқтаждық көріп отыр. Жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеуге және күтіп ұстауға жергілікті бюджеттерден шығыстардың жалпы қажеттігінен 15%-ға дейін бөлінеді. Мұның өзі жыл сайын желінің жалпы ұзындығынан 200-300 км жолдың жарамсыздыққа ұшырауына алып келеді; көптеген учаскелер бүгінгі таңда тек карталарда ғана бар, ал і с ж ү з і н д е ж о қ қ а т ә н .

Республикада қатты төсемді ауылдық жолдармен қамтамасыз етілу Батыс Қазақстан облысында 12%-дан Жамбыл облысында 81,2%-ға дейін ауытқиды (3 диаграмма).

3 диаграмма

Қатты төсемді автожолдары жоқ АЕМ-дің саны мен үлес салмағы, %

3 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

Электр қуатымен қамтамасыз етілу. Республикада 265 АЕМ (3,5%) электр қуатымен қамтамасыз етілмеген. Облыс АЕМ-дерінің жалпы санынан электрлендірілмеген АЕМ бәрінен де Қарағанды - 11,1% (56), Қызылорда - 8,1% (22), Павлодар - 7,1% (36) облыстарында көп орналасқан (4 диаграмма).

4 диаграмма

Электр энергиясымен қамтамасыз етілмеген АЕМ-дің саны мен үлес салмағы, %

4 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

Газдандыру. Қазіргі таңда табиғи газбен Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау, Қостанай, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстары қамтамасыз етіледі. Жергілікті желілердің дамымағандығына байланысты ауыл халқының баршасының бірдей табиғи газ алуға мүмкіндігі жоқ. Табиғи газбен неғұрлым қамтамасыз етілген облыстар - Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және А т ы р а у .

Жаңажол мұнай-газ кен орнында газды қайта өңдеу зауытын 2001 жылы қайта жаңғырту, мұнай өндіруді одан әрі ұлғайту және осы кен орнында ілеспе мұнай газын игеру Ақтөбе облысының ауылдық тұтынушыларына газ жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жамбыл облысында ауылдық жердегі желілік (табиғи) газ құбырының ұзындығы 1000 км астам. Магистральді желілерден шалғайдағы Мойынқұм, Сарысу және Шу аудандарында табиғи газ жоқ. Амангелді кен орындары тобын игеру жүргізілуде. Олардың 2003 жылы пайдалануға берілумен Жамбыл облысының ауылдық аудандарын газдандыру жөнінде мүмкіндіктер жасалатын болады.

Байланыс. АЕМ-ді байланыспен қамтамасыз етудегі қалыптасқан ахуал халықтың орналасу тығыздығының төмендігіне және ауыл тұрғындарының материалдық қамсыздандырылуының әлсіз деңгейіне байланысты қала мен ауыл арасындағы байланыс қызметімен қамтамасыз етілудегі күрт сәйкессіздікке алып келді.

Ауыл халқының қалың көпшілігі шектеулі ақпараттық өріс жағдайына өмір сүруде немесе жалпы ақпараттық оқшаулану жағдайында қалып отыр. Қазақстан Республикасында АЕМ-дің* 36,8%-ы (2818) телефон байланысымен қамтамасыз етілмеген (5 диаграмма).

5 диаграмма

Телефон байланысымен қамтамасыз етілмеген АЕМ-дің саны мен үлес салмағы, %

5 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

Телефон байланысымен қамтамасыз етілмеген АЕМ-нің неғұрлым жоғары үлес салмағы Қызылорда - 62,2% (167), Оңтүстік Қазақстан - 60,6% (543), Ақтөбе - 56,9% (251), Қостанай - 49,3% (378), Батыс Қазақстан - 41,8% (216) және Атырау - 41,6% (82) облыстарында.

Республиканың 4834 АЕМ-де тұрақты пошта байланысы бөлімшелері (бұдан әрі - ПББ) жоқ. АЕМ-нің 7%-ы пошта жөнелтілімдерін жеткізу айына 10 реттен кем жүзеге асырылады (6 диаграмма)*.

6 диаграмма

Тұрақты пошта байланысы бөлімшелері жоқ АЕМ-дің саны мен үлес салмағы, %

6 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

Тұрақты пошта байланысы бөлімшелері (ПББ) жоқ АЕМ-нің ең жоғары үлес салмағын ОҚО - 76,6% (686), ШҚО - 69,8% (598), Павлодар - 67,4% (343), Қостанай - 66,4% (509), Атырау - 65,5% (129) және Қарағанды - 65% (329) облыстарындағы ауыл

* "Қазақтелеком" ААҚ деректері бойынша 2003 ж.01.06. телефон байланысымен қамтамасыз етілмеген АЕМ саны 1549 бірлікке тең (20%), әкімдіктердің деректері мен алшақтықтар мынаған байланысты. Әкімдіктер 50 адамға дейін тұрғыны бар барлық АЕМ-ді, сондай-ақ Байқоңыр ғарыш алаңының әрекет аймағына жататын АЕМ-ді есепке алған.

Ауылдық ПББ-нің аумақтық шашыраңқылығы және шалғайлығы, әлсіз автокөлік инфрақұрылымы пошта жөнелтілімдерін жеткізуді орташа алғанда аптасына пошта байланысының аудандық тораптарына тек қана 3,4 рет, ал ауылдық ПББ-не 2,5 рет жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының шегінде пошта және арнайы жөнелтілімдерді тасымалдауды жүзеге асыратын пошта вагондарының пайдаланудағы паркіндегі 24%-ын белгіленген жұмыс мерзімін өткерген және өздерінің техникалық жай-күйі бойынша 2003 жылдың ішінде есептен шығаруды талап ететін вагондар құрайды.

АЕМ-нің барлығының халқы мемлекеттік теледидар және радио бағдарламаларына қол жеткізумен қамтамасыз етілмеген. Мемлекеттік телехабарларға қол жетімділігі жоқ елді мекендердің жалпы саны 1255 бірлікті құрайды. Қамтылмаған АЕМ-нің ең көбі Шығыс Қазақстан (223), Ақтөбе (156), Батыс Қазақстан (141) облыстарында.

Ауылда таратылған байланыс желісінің жоқтығы ауыл халқына байланыс қызметін беруді ұйымдастыруға кедергі келтіруде, мұның өзі ауылдық тауар өндірушілердің өскелең қажеттіктеріне қайшы келеді және аграрлық секторда нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуына кедергі келтіреді.

2.3. Әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі

Денсаулық сақтау. Медициналық мекемелермен қамтамасыз етілуді талдау көрсеткендей АЕМ-нің 82,1%-ы (6290) денсаулық сақтау объектілерімен қамтамасыз етілген, ал олардың ішінен 400 медициналық мекеме нормативтерге сәйкес келмейді. 1370 АЕМ-де медициналық мекеме жоқ, олардың ішінен тұрғын халқының саны 50-ден асатын 833 АЕМ-де* олар болуға тиіс.

Медициналық ұйымдармен қамтамасыз етілуге тиісті 833 АЕМ-нің ішінен 6 АЕМ-де ауылдық ауруханалар болуға тиіс, 33 АЕМ-де - отбасылық дәрігерлік амбулатория, 94 АЕМ-де - фельдшерлік-акушерлік пункттер, 171 АЕМ-де - фельдшерлік пункттер, 529 АЕМ-де - медициналық қызметкерлер.

* Паспорттау кезінде АЕМ-дің медұйымдармен қамтамасыз етілуін бағалау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 сәуірдегі N 472 қаулысымен бекітілген ауылдық денсаулық сақтау ісін дамытудың ең төменгі стандарттарына сәйкес жүргізілді (тұрғындардың санына қарай қамтамасыз етілу).

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153

Жарлығымен бекітілген "Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасында ауылдық денсаулық сақтау ісін дамытудың ең төменгі мемлекеттік стандартын әзірлеу көзделген, оған сәйкес медициналық қызметпен қамтамасыз етілген АЕМ-ге таяудағы медмекемеден 5 км-ден аспайтын жерде орналасқан АЕМ-дер жатқызылуға тиіс. Алайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 472 қаулысының қазіргі редакциясында АЕМ-нің таяудағы медмекемеге дейінгі арақашықтығын ескеретін норматив көзделмеген. Осыған байланысты АЕМ-дің медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етілуін бағалау кезінде арақашықтық факторы ескерілмеді (сонымен қатар Денсаулықсақтау министрінің деректері бойынша арақашықтық факторы ескергенде, іс жүзінде барлық АЕМ-дер медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етілген).

Медұйымдары жоқ, бірақ оларға қажеттілік бар АЕМ-дер бәрінен де Оңтүстік Қазақстан, Қостанай және Қарағанды облыстарында тиісінше - 138,136 және 124 АЕМ (7 диаграмма). АЕМ-де негізінен ФП, ФАП-тың, АДА, АУА-ның мемлекеттік меншік нысаны сақталған. Ауылдық жерлерде 7988 дәрігер мен 29954 орта медициналық қызметкерлер жұмыс істейді. Ауылдық аурухана мекемелерінде 16922 жатын орын жұмыс істейді.

7 диаграмма

АЕМ-дің денсаулық сақтау объектілеріне қамтамасыз етілуі

7 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

Ауыл халқының денсаулық жай-күйі мен медициналық көмек көрсету деңгейі талап етілетіннен елеулі кері қалып отыр. Медициналық көмек көрсетудің көлемі мен сапасы халықтың өскелең қажеттіктерін қанағаттандырмайды. Халықтың денсаулығының нашарлауы қолайсыз экологиялық ахуалмен, таза ауыз сумен жабдықтаудағы кемшіліктермен тереңдей түсуде.

Ауылдық емдеу-профилактикалық ұйымдардың материалдық-техникалық базасы қанағаттанғысыз күйде қалуда. Медициналық ұйымдар негізінен бейімделмеген, санитариялық-гигиеналық талаптарға жауап бермейтін (суық, ыстық сумен жабдықталмаған, телефон байланысы жүргізілмеген) үй-жайларда орналасқан, қазіргі заманғы медициналық құрал-жабдықпен, санитарлық автокөлікпен, жұмсақ және қатты құралдармен жеткіліксіз жарақталған. Ауылдық денсаулық сақтау объектілерінің кейбірінде аптекалық дүңгіршіктері жоқ.

Білім беру. Мектеп жасындағы балалардың оқумен қамтылуын талдау көрсеткендей, 5575 (72,8%) АЕМ-де аталған нормативтерге сәйкес мектептер бар. 479 (6,2%) АЕМ-де мектептер нормативтерге сәйкес келмейді, 16,06 (21%) АЕМ-де мектептер мүлде жоқ, олардың ішінде білім беру нормативіне сәйкес 458*-де (6%) мектептер болуға тиіс. Білім беру объектілері болуға тиіс жерде олармен қамтамасыз етілмеген

АЕМ-дер бәрінен де Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында көбірек -
153 және 88 АЕМ (8 диаграмма).

* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша 2002-2003 оқу жылының 1 қазанына республикада жалпы білім беретін мектептері жоқ 735 АЕМ бар, соның ішінде олардың 580 ішінде мектеп оқушылары тұрады. Облыстық әкімдіктер басқа цифрларды табыс беріп отыр. Паспорттау кезінде АЕМ-дердің мектептермен қамтамасыз жетілуін бағалау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 ақпандағы N 300 қаулысымен бекітілген білім беру ұйымдары желісінің кепілдікті мемлекеттік нормативіне сәйкес жүргізілді (АЕМ-дегі оқушылардың саны мен ең таяудағы мектепке дейінгі арақашықтық бойынша). Мектептер олардың ведомстволық бағыныстылығына ("Қазақстан темір жолы" ЖАҚ және т.б.) қарамастан ескерілді.

8 диаграмма

АЕМ-дің білім беру объектілерімен қамтамасыз етілуі

8 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

Мәдениет, спорт, қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық қызмет көрсету. Ауыл тұрғындарының демалысымен шұғылданған аудандық мәдениет бөлімдері таратылған. Мәдениет объектілері жекешелендірілген немесе жабылған, кітапханалардың кітап қоры жоғалтылған. Мәдениет мекемелері бейімделмеген үй-жайларда - мектептерде, әкімдіктерде орналасқан. Мемлекеттік желідегі 1822 ауылдық клуб мекемелерінің тек қана 519-ның Мәдениет үйлері мен клубтарының типтік ғимараттары бар, 1303-і бейімделген үй-жайларда орналасқан, 600-ден астам клубтарға күрделі жөндеу талап етіледі, 130-ы апаттық жағдайда, 172 клуб мекемелері қыста мүлде жылытылмайды.

АЕМ-де 2976 кітапхана жұмыс істейді, 27 кітапхананың типтік ғимараттары бар, 51 кітапхана - апатты ғимараттарда, 300-нен астамына күрделі жөндеу, 1184 - ағымдағы ремонт талап етіледі, кітап қорларын сақтау және оқырмандарға қызмет көрсету үшін жағдай жасалмаған. Кітапханалардың көпшілігінің ақпараттық жүйелерге қол ж е т і м д і л і г і ж о қ .

Кинотеатрлардың саны 944-дан 64-ке дейін (соның ішінде мемлекеттік - 43), киноқондырғылар саны 2320-дан 543-ке дейін, облыстардың бірқатар ауылдық аудандарында 60-85%-ға азайған. Шалғайдағы АЕМ-дерді кино қызметін көрсетумен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың оң нысаны Қарағанды облысында сәтті енгізіліп отырған бейнемобильдер болып табылады.

Ауыл тұрғындары арасында дене мәдениеті мен спортты дамытудың жай-күйі нашарлады. Республика ауылдарында 17134 спорт ғимараттары, соның ішінде 1500 орыннан кем емес 113 стадион, 23 жүзу бассейні, 3886 спорт залдары, 12 теннис

корттары, 10619 жазықтықтағы құрылыстар бар. Спорт ғимараттары негізінен жұмыс істемейді. Республикалық селолық "Қайрат" спорт қоғамы өз қызметін тоқтатты. Ауылдық аудандардың 37,7%-ның ғана дене мәдениеті және спорт жөніндегі комитеттері бар, қалғандарында спорт мәселелерімен әкімдіктің ішкі саясат бөліміндегі бір маман айналысады.

Ауылда дене мәдениеті мамандары жетіспейді. Ел бойынша барлығы 279 ауыл инструкторлары - спорт жөніндегі әдіскерлер бар. Дене мәдениеті - спорт жұмысы ауылда қоғамдық негіздерде немесе жалпы білім беретін мектептің дене мәдениеті мұғалімі арқылы жүргізіледі. Дене мәдениеті - көпшілік және спорт жұмысы үшін жауап беретін штаттық қызметкерсіз ауылда ауыл спортының жай-күйін жақсартуға, ең бастысы ұлтты сауықтыруға қол жеткізу мүмкін емес.

АЕМ-де құқық тәртібі толығымен қамтамасыз етілмейді. Қылмыстардың елеулі саны маскүнемдік негізінде жасалады, мал ұрлау тараған. Құқық бұзушылықтардың алдын алу және "Қоғамдық тәртіпті нығайту және ішкі істер органдары уәкілетті учаскелік қызметкерлерінің құқық бұзушылықтарды болдырмау мен алдын алудағы рөлін арттыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 желтоқсандағы және 2001 жылғы 23 желтоқсандағы N 701 қаулыларын іске асыру қойылған талаптарға жауап бермейді.

АЕМ-де учаскелік полиция инспекторы елдің құқық қорғау органдарының бірден-бір өкілі болып табылады, ол қызмет көрсетілетін әкімшілік учаскедегі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, әлеуметтік қауіпті немесе ерекше назармен бақылауды талап ететін адамдардың профилактикалық немесе өзге де есептерін жүргізеді.

Ауылдық жерлерде 2689 учаскелік полиция бекеттері жұмыс істейді. Учаскелік инспекторларды қызметтік автокөлікпен және байланыс құралдармен қамтамасыз етуде күрделі ахуал байқалады. Олардың 18,8%-ы ғана автокөлікпен және 30%-ы байланыс құралдармен жарақталған. Учаскелік милиционерлердің елеулі бөлігі бір-бірінен ондаған километр қашықтықта және аудан орталығынан едәуір шалғай орналасқан бірнеше АЕМ-ге қызмет көрсетеді.

2.4. Экологияның жай-күйі

Республика аумағында топырақ пен өсімдік жамылғысының өзгеруімен, жердің антропогендік қызмет өнімдерімен ластануымен байланысты келеңсіз экологиялық көріністер байқалады. Қолайсыз экологиялық жағдайы бар бірнеше ірі өңірлер көзге түседі:

К а с п и й өңірі .
С е м е й полигоны .
Арал өңірінің қазақстандық бөлігі.
Б а л қ а ш өңірі .

Каспий өңірі. Табиғи жемшөп алқаптарының жай-күйі бойынша қолайсыз. Онда

Атырау облысының шабындықтары мен жайылымдарының 77%-на жуығыда антропогендік әсер ету белгілері бар - тапталудың әртүрлі дәрежесі (49%), қорекке ішінара жарамды (35%), қорекке жарамсыз (1,3%) және улы (1,1%) өсімдіктермен ластанған. Жайылымдық өсімдіктердің азуының күшті дәрежесі облыс алаңының 48%-да, орташасы - 12%-да, әлсіз - 20%-да байқалады. Табиғи ресурстарды интенсивті түрде игеру, теңіз жағалауындағы аудандарда көмірсутек шикізатын барлау және өндіру нәтижесінде топырақтың ластану проблемасы алда өткір тұр. Каспий өңірі топырағының мұнай өнімдерімен ластануы 1-ден 5г/кг-ға дейін, сирегірек 10г/кг-ға дейін құрайды, сондай-ақ мынадай улардың жоғары шоғырлануы (мг/кг): никель - 100, қорғасын - 80, цинк - 50, хром - 100, фосфор - 80 байқалады.

Семей полигоны - ірі экологиялық апат өңірі. Полигонда 1949 жылдан 1989 жылдар бойында 470: 90 әуеде, 26 жер бетінде, 354 жер асты ядролық жарылыстар жүргізілген. Радиоактивтік жауын-шашын 1,7 млн. адам тұратын 304 мың шаршы километр аумақта тараған. Экологиялық апат алаңы 7 млн. га, оның ішінде полигонның өзінің аумағы - 1,8 млн. га, төтенше радиациялық қатер аумақтары - 501 млн. га құрайды. Семей полигонының әсер ету аймағында ауыл шаруашылығы алқаптары 27,4 млн. га саналады, бұл өңірдің жалпы алаңынан 88,3%-ды құрайды.

Арал өңірінің қазақстандық бөлігі 59,6 млн. га жерді, соның ішінде Қызылорда (22,6 млн. га), Ақтөбе (19,7 млн. га), Қарағанды (8,7 млн. га) және Оңтүстік Қазақстан (8,6 млн. га) облыстарының жерлерін немесе республиканың жалпы алаңынан 22%-ды қамтиды. Экологиялық апат кіндігінде (Арал ауданы) аумақтың 22%-дағы жайылымдар күшті және орташа дәрежелі азуға бой алдырған, әлсіз дәрежемен бірге бұл 80%-ға дейін артады. Қазалы ауданында күшті және орташа дәрежеде жайылымдардың 17%-ы азуға ұшыраған. Сырдарья өзені сағасы мен жазығының шалғынды өсімдіктері ең серпінді алап ретінде неғұрлым үлкен өзгерістерге ұшыраған. Қамысты-қурайлы шабындықтардың тозуы Қазалы ауданында 40,3%-дан Арал ауданында 55,3%-ға дейін ауытқиды. Олардың көпшілік бөлігі шабындықтар санатынан жайылымдар санатына өткен. Аралдың құрғап кеткен табанында құмды, сортаң, тақыр түзілуде. Шаңның таралу және шөгіп қалу аймағының алаңы 25 млн. га төңірегінде.

Балқаш өңірі аймағы жерінің экологиялық жай-күйі аса күрделі әрі негізінен Іле, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендерінің гидрологиялық режимімен айқындалады. Мынадай келеңсіз процестер: өсімдіктің азуы және оның арамшөптермен алмасуы, сортаңдану және шөлейттену, қайталап сортаңдау және улы химиялық заттармен және ауыр металдармен ластану байқалады.

Республикада радиациялық аяның мейлінше жол берілетін мәні 33мкР/с-тан аспауы тиіс. Осы көрсеткіштен асатын радиациялық ая деңгейі Атырау облысының 2 АЕМ-де байқалады (Құрманғазы ауданының Азғыр ауылында - 37,5 мкР/с және Жылыой ауданының Кеңарал ауылында - 33 мкР/с). Республиканың басқа АЕМ-де радиациялық ахуал қалыпты болып есептеледі. Жамбыл облысының 23 АЕМ-де және Оңтүстік

Қазақстан облысының 13 АЕМ-де топырақ қатты сортаңданған (4-6%). Шығыс Қазақстан облысының 5 АЕМ-де, Жамбыл облысының 110 АЕМ-де, Батыс Қазақстан облысының 166 АЕМ-де, Қызылорда облысының 24 АЕМ-де, Оңтүстік облысының 45 АЕМ-де топырақтың тұздануы орташа деңгейі (2-4%). Республиканың қалған аумағында топырақтық тұздану деңгейі егіншіліктің әралуан түрлерімен айналысуға мүмкіндік береді.

Республиканың 637 АЕМ-де (8,3%) сапа нормативтеріне сәйкес келмейтін ауыз су пайдаланылады, яғни минералды тұздардың шекті жол берілетін шоғырлануы онда 1,5гр/л. асады. 20 АЕМ-де судағы тұздың мөлшері 3гр/л. асады: Қызылорда облысының 5 АЕМ-де, Солтүстік Қазақстан облысының 14 АЕМ-де, Оңтүстік Қазақстан облысының 1 АЕМ-де.

176 АЕМ-де судағы тұздың мөлшері 2-ден 3 гр/л. дейін, 440 АЕМ-де судағы тұздың мөлшері 1,5-тен 2гр/л. дейін. Суы сапасыз АЕМ-дің көпшілігі Ақмола, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында.

Алматы, Қарағанды, Қостанай, Павлодар облыстарында экологиялық қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша қалыптан ауытқушылық жоқ.

2.5. Ауыл халқының көші-қоны

Халықаралық көші-қон. 2000 жылға дейінгі кезеңде республика шегінен 114791 ауыл тұрғындары кетті. Өздерінің тарихи отанына ұлты еуропалық көптеген ауыл тұрғындары қоныс аударуда. Бәрінен де көбірек республиканың солтүстік облыстарынан кетуде. 2000-2002 жылдары барлығы Қостанай облысынан 18840 адам, Ақмола 17532 адам, Солтүстік Қазақстан - 16829 адам, Павлодар 15304 адам кетті. Бәрінен де кем негізінен байырғы тұрғындар тұратын Маңғыстау - 30 адам, Атырау - 11 адам, Қызылорда - 645 адам облыстарынан қоныс аударады.

Республиканың ауылдық жерлеріне көшіп келудің өсуі байқалады. 2000-2002 жылдар дейінгі мерзім ішінде республиканың ауылдық аумақтарына 46140 адам көшіп келді. Негізінен республиканың оңтүстік облыстарына көшіп келуде: Оңтүстік Қазақстан (10737 адам), Алматы (7370), Жамбыл (6537). Бәрінен де кем Қызылорда (245), Атырау (284) және Қарағанды (296 адам) облыстарына қоныс аударады (9 диаграмма).

Қазақстан Республикасы ауыл халқының халықаралық көші-қон сальдосы 2000-2002 жылдары 68 651 адам құрады. Көші-қонның теріс сальдосының төмендеуі байқалады. Егер 2000 жылы сальдо - (минус) 31754 адамды құраса, ал 2001 жылы - 24299 адамды, 2002 жылы - барлығы 12 598 адамды құрады, яғни 3 жыл ішінде 2,5 есеге қысқарды.

Ішкі көші-қон. 1995-2002 жылдары 714 489 ауыл тұрғындары қалаларға көшті олардың ішінен 61,3%-ы өз облысының қалаларынан қоныс аударды (облысшілік көші-қон), 38,7% - басқа облыстардың қалаларына қоныс аударды (облысаралық көші-қон).

Осы кезең ішінде қалаларға ауыл тұрғындары бәрінен де көбірек Оңтүстік Қазақстан (64 219 адам), Шығыс Қазақстан (62 115 адам), Павлодар (54 730 адам) облыстарынан қоныс аударды. Қалаларға ауылдықтардың ең азы Атырау (7786 адам), Қызылорда (9273 адам) облыстарынан көшіп кетті. Ауылдықтардың облысшілік көші-қонындағы негізгі бағыттар - Алматы, Астана қалалары және олардың маңдары.

9 диаграмма

Қазақстан Республикасында ауыл тұрғындарының облыстар бойынша 2000-2002 жылдар ішіндегі халықаралық көші-қоны, адам

9 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

1995-2002 жылдары қалалардан ауыл аумақтарына 285 132 адам қоныс аударды, олардың ішінен 40,6%-ы (115 878 адам) облысаралық көші-қон бойынша, 59,4% (169 254 адам) облысшілік көші-қон бойынша. Ауылдарға бәрінен де көбірек Алматы қаласынан (40 288 адам), Шығыс Қазақстан (39 673 адам), Павлодар (24 289), Оңтүстік Қазақстан (21 196 адам), Қостанай (21 128) облыстарының қалаларынан көшті. Ауылдарға қалалықтардың ең азы Маңғыстау (5 812 адам), Атырау (5 863 адам) облыстарының қалаларынан қоныс аударды (10 диаграмма).

10 диаграмма

Қазақстан Республикасы халқының 1995-2002 жылдар ішіндегі ішкі көші-қоны, адам

10 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

2000-2002 жылдары ауылдық жерлерге көшкен қалалықтардың негізгі ағыны Ақмола және Алматы облыстарына бағытталған (1 карта).

Картаны қағаз мәтінінен қараңыз

Халықтың қаладан ауылға 2000-2002 жылдары облысаралық көші-қонының негізгі бағыттары (адам)

2000-2002 жылдары ауыл халқының жалпы санына қатысты "ауыл-қала" көші-қонының жоғары деңгейі Маңғыстау (3,9%), Қарағанды (3,2%), Павлодар (2,5%), Батыс Қазақстан (2,2%), Шығыс Қазақстан (1,8%) және Қостанай (1,7%) облыстарында б а й қ а л д ы .

Урбанизация процесіне Алматы (0,3%), Атырау, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан (0,4%-дан) облыстарының ауыл тұрғындары бәрінен де аз бейілді (5 кесте).

Ауыл халқының жалпы санындағы ауылдан қалаға қоныс аударушылардың үлес салмағы

Облыстар	2000 жыл			2001 жыл		
	Халқының саны	Ауылдан қалаға қоныс аударушылардың саны	Қоныс аударушылардың үлес салмағы	Халқының саны	Ауылдан қалаға қоныс аударушылардың саны	Қоныс аударушылардың үлес салмағы
Ақмола	431490	4219	1,0	418509	3715	0,9
Ақтөбе	304454	3058	1,0	302030	3861	1,3
Алматы	1095415	3502	0,3	1096696	4662	0,4
Атырау	185352	976	0,5	185355	1142	0,6
Батыс Қазақстан	361837	4716	1,3	356026	7604	2,1
Жамбыл	538012	2817	0,5	538862	4130	0,8
Қарағанды	247075	5279	2,1	240386	6371	2,7
Қостанай	454423	5610	1,2	443612	6974	1,6
Қызылорда	236974	1036	0,4	239394	957	0,4
Маңғыстау	68311	2175	3,2	68320	2659	3,9
Оңтүстік Қазақстан	1258574	21713	1,7	1262107	11949	0,9
Павлодар	289711	5391	1,9	281610	6153	2,2
Солтүстік Қазақстан	443362	2114	0,5	436440	2262	0,5
Шығыс Қазақстан	627438	7888	1,3	620280	9427	1,5
Қазақстан Республикасы	6542428	101003	1,5	6489627	102762	1,6

К е с т е н і ң

ж а л ғ а с ы

Облыстар

2002 жыл

| Халқының саны | Ауылдан қалаға қоныс аударушылардың саны | Қоныс аударушылардың үлес салмағы

		қ о н ы с а у д а р у . ш ы л а р д ы ң с а н ы	ү л е с с а л м а ғ ы
Ақмола	407027	4860	1,2
Ақтөбе	304699	4530	1,5
Алматы	1098516	6214	0,6
Атырау	186564	788	0,4
Батыс Қазақстан	350597	7873	2,2
Жамбыл	539502	5212	1,0
Қарағанды	233225	7513	3,2
Қостанай	432572	7435	1,7
Қызылорда	241447	1425	0,6
Маңғыстау	75890	2233	2,9
Оңтүстік Қазақстан	1271809	4688	0,4
Павлодар	273073	6922	2,5
Солтүстік Қазақстан	429648	2572	0,6
Шығыс Қазақстан	613473	11204	1,8
Қазақстан Республикасы	6458042	92234	1,4

Ауыл тұрғындарының - Астана және Алматы қалаларының облысаралық көші-қонының негізгі бағыттары (2 карта).

Картаны қағаз мәтінінен қараңыз

Халықтың ауылдан қалаға 2000-2002 жылдары облысаралық көші-қонының негізгі бағыттары (адам)

Басқа облыстардан ауылдық жерлерге 2000 жылдан 2002 жылға дейін неғұрлым жоғары көшіп-қону Алматы (21701 адам), Ақмола (11149 адам), Солтүстік Қазақстан (4952 адам), Шығыс Қазақстан (4374 адам), Оңтүстік Қазақстан (4327 адам) облыстарында. Жоғарыда аталған кезең ішінде қоныс аудару үшін неғұрлым тартымсыз облыстар: Маңғыстау (738 адам), Қызылорда (849 адам), Қарағанды (1047 адам) және Атырау (1153 адам) болды (11 диаграмма).

11 диаграмма

Қазақстан Республикасының ауылдық жерлеріне басқа облыстардан 2000-2002 жылдары келгендердің облыстар бойынша саны, адам

11 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

2000-2002 жылдары ауылдық жерлерден бір облыстан басқа облыстардың ауылдарына 20 214 адам көшті (12 диаграмма).

Ауыл халқының "ауыл-ауыл" облысаралық көші-қонының 2000-2002 жылдары оң сальдосы Алматы (4250 адам), Ақмола (2452 адам), Маңғыстау (202 адам) және Павлодар (173 адам) облыстарында.

Теріс сальдо Шығыс Қазақстан (1880 адам), Қостанай (1285 адам), Жамбыл (1283 адам), Қарағанды (893 адам), Қызылорда (555 адам), Оңтүстік Қазақстан (486 адам), Солтүстік Қазақстан (282 адам), Ақтөбе (180 адам), Батыс Қазақстан (179 адам) және Атырау (54 адам) облыстарында.

12 диаграмма

Ауыл халқының 2000-2002 жылдар облысаралық көші-қонының сальдосы (ауыл-ауыл)

12 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

Ауыл-ауыл облысаралық көші-қон ағынның негізгі бағыттары Алматы және Ақмола облыстары болып табылады (3 карта). Алматы облысына республиканың барлық облыстарынан қоныс аударуда. Ақмола облысына негізінен Солтүстік Қазақстанның облыстарынан және Қарағанды облысынан.

Картаны қағаз мәтінінен қараңыз

Халықтың ауылдан ауылға 2000-2002 жылдары облысаралық көші-қонының негізгі бағыттары (адам)

Ауылдық көші-қонның басқа бағыттары бір табиғи-климаттық аймақтарда орналасқан облыстар болып табылады. Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының ауыл тұрғындары Батыс Қазақстанның және Алматы облысының ауылдарына көшті. Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының ауыл тұрғындары Оңтүстік Қазақстанның аграрлық аймағына және Алматы облысына қоныс аударды. Нақ осындай үрдіс Солтүстік және Шығыс Қазақстанда байқалды.

3. Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша АЕМ-ді бағалау әдістемесі мен өлшемдері

3.1. Бағалау өлшемдері

Ауылдық аумақтардың келешектілігін айқындау, әлеуетке қол жеткізуге әсер ететін факторларды зерделеуді және олардың негізінде АЕМ-ді өсу мүмкіндіктерін іске асыру үшін қолда бар әлеуеттің жиынтық көрсеткіші бойынша жіктеуді талап етеді.

Өлемдік практикада көрсеткіштері болашақтағы даму үшін қолайлы ауылдық аумақтар әлеуметтік-экономикалық дамуды бағалау өлшемдерінің негізінде а й қ ы н д а л а д ы .

Өлшемдерді түзу мақсатында әрбір АЕМ бойынша әлеуметтік-экономикалық дамудың 130 көрсеткіші бойынша паспорттау жүргізілген болатын. Өлшемдерді іріктеу кезінде Азия Даму Банкінің халықаралық консультанттарының техникалық көмегі шеңберінде дайындалған және АЕМ-нің қолда бар сипаттамаларына бейімделген елдің ауылдық аудандарын зерттеу әдістемесі негізге алынды.

АЕМ-нің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен олардың келешектілігін бағалайтын аса маңызды параметрлер болып, өлшемдердің 4 тобы айқындалды: экономикалық әлеует, инженерлік инфрақұрылымның даму деңгейі, әлеуметтік объектілермен қамтамасыз етілуі және экологиялық қауіпсіздік, олар 21 жиынтық көрсеткішті қамтиды. Өлшемдерді іріктеп алу көптеген параметрлер бойынша бекітілген салалық нормативтер мен стандарттардың болмауымен күрделенген болатын . Бар болған жерінде олар бастапқы мәндер ретінде алынды, басқа жағдайларда осы көрсеткіштің орташа республикалық мәні өлшем болып табылады.

АЕМ-нің әлеуетін бағалау кезінде экономикалық даму басылымдықтары ескеріле отырып, әрбір көрсеткішке салмақ берілді, бұл олардың мәнділігін баллдардың жиынтық мөлшері сомасында сипаттайды. Экономикалық әлеует көрсеткіштері неғұрлым үлкен салмақты иеленеді - жиынтық ең жоғары балл 60, инженерлік инфрақұрылым көрсеткіштері 30 баллдан аспайды, әлеуметтік объектілермен қамтамасыз етілу сипаттамалары он баллға дейінгі салмақты иеленеді. АЕМ-нің даму деңгейіне экологиялық параметрлердің әсері түзету коэффициенттері арқылы бағаланады. Оларға өлшемдердің алғашқы үш тобы бойынша алынған баллдар көбейтіледі. Өлшемдердің тізбесі олардың ретпен орналасуы және үлес салмақтары N 1 қосымшада берілген.

3.1.1. Экономикалық әлеует

1) **"Топырақтың құнарлылығы"** - 12 балл. Топырақтың сапасы мен ықтимал құнарлылығын топырақтың бірқатар сипаттамаларын ескеретін баға баллдарында көрініс табатын егістікті бағалау сипаттайды және де 1-ден 100-ге дейінгі мәні болуы мүмкін, онда ең жақсы топырақ неғұрлым жоғары балл иеленеді. Көрсеткіштің бастапқы мәндері топырақ қабатының сапасын 10 баллдық қадаммен, "15 балдан төмен

" көрсеткішінен республикадағы ең үлкен көрсеткішке дейін "45 балдан жоғары", ретпен орналасуын көздейтін Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің деректеріне сәйкес белгіленген.

2) **"Өткізу рыноктарынан жырақтық дәрежесі"** - 9 балл. Республиканың ауылдық аумақтарының ерекшелігі - аграрлық сектордың өндірушілері мен тұтынушылардың арасындағы нақтылы қашықтықтар әдетте едәуір үлкен болып табылады. Көлік шығыстары өнімді рынокқа жеткізудің жалпы құнының елеулі үлесін құрайды, мұның өзі шағын аумақты және дамыған нарықтық инфрақұрылымы бар елдерге қарағанда көбірек. АЕМ-нен аудан орталығына, темір жол бекетіне, автомагистральға және қалаға дейінгі ара қашықтықты өткізу рыноктарының қол жетімділігі көрсеткіші үшін негіз ретінде пайдалануға болады. Төменгі мән ретінде 20 км-ге тең және одан төменірек, 9 балға бағаланған арақашықтық қабылданған. Бұл мән барлық АЕМ арасындағы ең төмен және ең жоғары орташа ара қашықтықтарды есептеу арқылы айқындалған. Қадамның мөлшері 40 км құрайды, ал көрсеткіштің ең жоғары бастапқы мәні ретінде 100 және одан көбірек км-ге тең қашықтық қабылданған.

Аумақтардың дамуының ықтимал мүмкіндіктерін айқындайтын абсолюттік көрсеткіштерден (мысалы, ауыз судың болуы) өзге, келешекте даму үшін жағдайлардың болуын сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштер бар. Салыстырмалы көрсеткіштер бойынша қалыптасқан орташа республикалық деңгейі көрсеткіштің өлшемінің оңтайлы деңгейі ретінде алынады, ал бастапқы мәндер республика бойынша орташадан ауытқуларды білдіреді. Оларға мыналар жатады:

3) **"Кәсіпкерлік белсенділік"** - 5 балл, нақты ауыл аумағындағы халықтың экономикалық белсенділігінің деңгейін айқындайды, шаруашылық жүргізуші субъектілер санын 100 тұрғынға арақатынасымен есептеледі. Осы көрсеткіштің бастапқы мәндерінің қадамдық түрленуі 1-ден 5-ке дейін және одан да көпке ауытқиды.

4) **"Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту"** - 5 балл. Тиісті аумақта қосылған құнның өсу мүмкіндіктерін сипаттайды, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу объектілерінің болуымен айқындалады. Көрсеткіштің бастапқы мәндері бір АЕМ-де 0-ден 4-тен асатын қайта өңдеуші цехқа дейін өзгермелі болады.

5) **"Ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етілу"** - 8 балл, 100 га егістікке келетін тракторлардың санымен 100 га егістікке келетін комбайндардың саны екі көрсеткішке бөлінеді. Бастапқы мәндердің шамасы га/1 трактор - 200 және га/1 комбайн - 300 нормативтік жүктемеден ауытқулармен айқындалған.

6) **"Суландыру жүйелерін пайдалану"** - суармалы егіншілікті дамыту жөніндегі мүмкіндіктер суландыру жүйелерінің болуы мен пайдаланылуын бейнелейді. Көрсеткішті қамтамасыз етілу дәрежесі бойынша тәптіштеу қиын, суландыру жүйелері не бар, не жоқ. Суарылатын жерлер тәлімі (суарылмайтын) егіншілікке немесе жайылымдарға қарағанда ауыл халқының едәуір көп мөлшеріне табысты қамтамасыз

ете алады. Суландыру жүйелері бар және пайдаланылатын аумақтар 7 балмен, ал жоқтары - 0 балмен бағаланады.

7) **"Егістік"** - 7 балл, егіншілікті дамыту мүмкіндіктерін айқындайды. Бастапқы мөндер бір ауыл тұрғынына келетін егістік шамасының осы көрсеткіштің республика бойынша орташа шамасынан - 1 ауыл тұрғынына 5 гектарға тең - ауытқуымен айқындалады.

8) **"Жайылымдар"** - 7 балл. Жемшөппен іс жүзіндегі және ықтимал қамтамасыз етілуді сипаттайды және жайылымдардың нормативтік толтырылуының негізінде есептеледі - 1 гектарға 3-4 ірі қара мал басы. Негізгі мөндер ретінде нормативтік көрсеткіштен ауытқулар қабылданған.

3.1.2. Инженерлік инфрақұрылым

1) **"Сумен қамту"** - 7 балл. Ауылдық аумақтың келешектілігін айқындайтын факторлардың бірі сумен қамту жүйесі болып табылады. Сумен қамту жүйесінің жай-күйін бағалау жеке тұтыну үшін судың қандай көздерден алынатындығы бойынша жүргізіледі. Су құбырлары бар АЕМ-дер суды жергілікті көздерден, ашық су тоғандардан және тасып әкелінетін суды пайдаланатын АЕМ-ге қарағанда жақсырақ жағдайда. Сумен қамту жүйесі бойынша мөндердің шамасы су құбыры бар АЕМ-де 7 балдан тасып әкелінетін суды пайдаланатын АЕМ-де 0 балға дейін, 5 және 3 балл қадармен ауытқиды.

2) **"Жол"** - 7 балл. Жол желісінің жеткіліктілігі туралы оның тығыздығы (алаң бірлігіне шаққанда - км) және пайдалануға жарамдылық жай-күйі бойынша сөз етуге болады. Әрбір АЕМ-ді бағалау үшін жол желісі тығыздығының халықтың жан басына шаққандағы нормаға қатынасы негізінде ауыл жолдары желісінің жай-күйін айқындайтын индексті пайдалану жөн болар еді. Индексті есептеп шығару мүмкін болған жоқ. Өйткені АЕМ-дегі жолдардың ұзындығы туралы мәліметті алудың сәті түспеді. Бұл деректер неғұрлым соңғы кезеңде пайдаланылатын болады деп күтілуде. Жол инфрақұрылымын бағалау және бұл көрсеткіштің бастапқы мөндерін айқындау үшін ауыл жолдарының мынадай типтері қабылданды: қатты төсемді - 7 балл, топырақ төсемді - 3 балл, далалық - 0 балл.

3) **"Газбен қамту"** - 3 балл. Халықтың тұрмыс деңгейін сипаттайтын инфрақұрылымның даму көрсеткіші. Бастапқы мөндер АЕМ-де газдандырудың болуымен немесе жоқтығымен айқындалады (газдандырылған АЕМ - 3 балл, газдандырылмағандары - 0).

4) **"Электр энергиясы"** - 7 балл, халықтың тұрмыс деңгейінің және аумақтың экономикалық белсенділігінің аса маңызды көрсеткіші. Энергиямен қамту - шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін маңызды фактор. Бастапқы мөндер АЕМ-нің электр энергиясымен қамтамасыз етілгендігімен немесе қамтамасыз етілмегендігімен айқындалады.

5) **"Байланыс"** - 6 балл, ауылдың телефондандырылу деңгейімен айқындалады.

Көрсеткіштің мәні агробизнес және кәсіпкерлік саласында Интернет жүйесін пайдалану мүмкіндіктерінің ұлғаюымен едәуір артады, мұның өзі орасан зор аумағы бар Қазақстан үшін елеулі болып табылады. Көрсеткіштің бастапқы мәндері нақты аумақты телефондандырудың болуымен немесе болмауымен айқындалады.

3.1.3. Әлеуметтік даму

Ауылдық аумақтарды дамытуды басым бюджеттік қаржыландыру негізінен әлеуметтік саланы (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік инфрақұрылым) қаржыландыруға бағытталатын болады. Жеткілікті экономикалық әлеуеті бар, аумақтарды дамытудың әлеуметтік және басқа да проблемаларын шешу үшін мемлекеттік шығыстарды кемдеу талап ететін АЕМ-дер инвестициялар тұрғысында б а с ы м д ы л ы қ т ы б о л а д ы ;

1) **"Білім беру"** - 3 балл. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 ақпандағы "Білім беру ұйымдары желісінің кепілдікті мемлекеттік нормативі туралы" N 300 қаулысымен ауылдық білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік нормативтер мен стандарттар бекітілген. Оқушылар саны төмендегіше әрбір АЕМ-де:

төменгі мектеп жасындағы 5 және одан астам адам - орта жалпы білім беретін мемлекеттік оқу орнын бастапқы баспалдағының жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

төменгі және орта мектеп жасындағы 41 және одан астам адам - орта жалпы білім беретін мемлекеттік оқу орнының бастапқы және негізгі баспалдақтарының жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

төменгі, орта және ересек мектеп жасындағы 81 және одан астам адам - орта жалпы білім беретін мемлекеттік оқу орнының жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

Аталған норматив білім беру ұйымы мектеп жасындағы оқушылар тұрақты тұратын елді мекеннен 3 км астам қашықтықта болған ретте белгіленеді.

Білім беруді дамыту көрсеткішін бағалау білім беру объектілерінің белгіленген нормаларға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі, олардың нақты елді мекенде бар болуы мен білім беру ұйымдарының мектеп жасындағы оқушылар тұрақты тұратын АЕМ-нен 3 км астам қашықтығы бойынша жүзеге асырылады;

2) **"Денсаулық сақтау"** - 3 балл. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 сәуірдегі "Ауыл халқына алғашқы медициналық-санитарлық көмекті жақсарту жөніндегі шаралар туралы" N 472 қаулысына сәйкес тұрғындардың төмендегідей саны б а р А Е М - д е :

50-300 адам - жеке үй-жай ұстамай-ақ; медициналық көмек көрсете алатын 1 медициналық қызметкер болуға тиіс;

300-800 адам - фельдшерлік пункт (бұдан әрі - ФП) болуға тиіс, онда пациенттерді қабылдау мен медициналық көмек ең төменгі медициналық және шаруашылық құрал-жабдықтармен арнайы бөлінген үй-жайда көрсетілуге тиіс;

800-2000 адам - фельдшерлік-акушерлік пункт (бұдан әрі - ФАП) болуға тиіс;

2000-5000 адам - отбасылық дәрігерлік амбулатория (бұдан әрі - ОДА) болуға тиіс,

онда алғашқы дәрігерлік көмек көрсетіледі;

5000 және одан астам адам - тегін кепілдікті көлем шегінде білікті медициналық көмек көрсететін, бекітіліп берілген ФП, ФАП, ОДА қызметін үйлестіретін ауылдық аурухана болуға тиіс (бұдан әрі - АА).

Ауылдық жерде денсаулық сақтау мекемелері желісін дамыту қоныстану сипаты ескеріле отырып, қамтамасыз етудің мақсатына медициналық көмек көрсетудің қол жетімділігі мен уақтылылығына қарай, әрбір елді мекенде жақсы жол, телефон байланысы, көлікпен қамтамасыз ету болған ретте жүзеге асырылуға тиіс.

Ауылдық денсаулық сақтау жүйесін бағалау денсаулық сақтау объектілерінің белгіленген нормаларға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі және олардың АЕМ-де бар болуы негізінде жүргізіледі;

3) **"Тұрғын үймен қамтамасыз етілу"** - 2 балл. Тұрғын үй инфрақұрылымының даму деңгейі мен қоныс аударушыларды қабылдауының ықтимал мүмкіндіктерін айқындайды. Талданатын көрсеткіштің бір ауыл тұрғынына келетін $15,6 \text{ м}^2$ тең тұрғын алаңға тең осы өлшемнің орташа республикалық мәніне арақатынасымен айқындалады;

4) **"Еңбекпен қамту"** - 1 балл, талданатын АЕМ-дегі еңбекпен қамтылу көрсеткіштерінің ауылдық жердегі еңбекке қабілетті халықтың 100 адамға шаққанда 93,5 жұмыспен қамтылғандарына тең орташа республикалық шамадан ауытқуын сипаттайды;

5) **"Кедейлік"** - 1 балл, нақты елді мекен халқының әл-ауқат деңгейін сипаттайды, талданатын көрсеткіштің ауылдың 100 тұрғынына шаққанда атаулы әлеуметтік көмек алатын 13 адамға тең орташа республикалық шамасына арақатынасымен бағаланады.

3.1.4. Экологиялық қауіпсіздік

Қазақстанда көптеген өңірлерде ауылдық аумақтарды дамытуға елеулі кедергілер туғызатын экологиялық проблемалар көптеп саналады. Осы қолайсыз факторлардың күрделі көріністері өсу әлеуетінің сәл ғана елеулі іске асырылу перспективасына күмән келтіруі мүмкін.

1. Өлшемдер блогы мынадай көрсеткіштер бойынша бөлінген:

1) **"Радиациялық ая"**. Ядролық сынақтардан зардап шеккен ауылдық аумақтар неғұрлым экологиялық қолайсыз болып табылады, онда радиация аясы әлі де бұрынғыша жол берілетін нормадан асып түседі. Радиацияның қауіпті деңгейі сол сияқты: уран рудасын өндіру, тау-кен қазба орындарында зиянды материалдарды сақтау, әскери полигондарда зиянды тастандылар нәтижесінде қалыптасты.

Экологиялық қауіпсіздік радиациялық ая параметрімен бағаланады. Өлшем бірлігі: мкР/сағ. Елді мекендердің аумағындағы радиациялық аяның жай-күйін сипаттайтын көрсеткіш сыртқы гамма-сәулелінің экспозициялық дозасының қуаты (ЭДҚ) болып табылады, ол $0,3 \text{ МкЗв/сағ}$ (33 мкР/сағ).

33 мкР/сағ асатын радиациялық ая деңгейі бар АЕМ-дер, басқа көрсеткіштер бойынша олардың осындай (радиациялық) әлеуеті барларға жататындығына қарамастан, ерекше қолайсыз экологиялық жағдайлы елді мекендер тобына а у ы с т ы р ы л а д ы ;

2) **"Топырақтың сортаңдануы"** - ауыл шаруашылығы алқаптары олардың құнарлылығына теріс әсер ететін бірқатар қасиеттерге ие. Осындай негізгі белгі топырақтың сортаңдануы болып табылады. Егістіктің теріс қасиеттерін еңсеру орасан зор инвестициялармен байланысты. Топырақтағы сордың жинақталуы 10%-дан жоғары жер егіншілікке жарамсыз. Неғұрлым төмен жинақталу сорға төзімді дақылдарды өсіруге мүмкіндік береді, алайда егін шығымдылығы төмендейді әрі арнайы агротехникалық іс-шаралар жүргізуді: гипс енгізуді, агротехникалық мелиорацияны қолдануды талап етеді. Суармалы егістікте сорғы жүйелерін қалпына келтіру және ж а ң а л а р ы н к ұ р у қ а ж е т ;

3) **"Судың сапасы"** . Елді мекендегі ауыз судың сапасын айқындайтын параметр, алдыңғыларды нақтылаушы және тіршілік ету жағдайлары тұрғысынан, яғни қуаты мен әсерінің тереңдігі жағынан қалған параметрлердің ішінен неғұрлым маңыздысы болып табылады. Параметр белгілі бір жағдайларда, бірінші кезекте тиісті ресурстар бар әрі оларды пайдалану мақсатқа сай болған кезде реттеуге көнеді. Судың сапасы мен оның тұтынуға жарамдылығын сипаттау үшін оны минералдау деңгейі алынады. ҚР Бас санитарлық дәрігері 15.12.98 ж. бекіткен (Сан.Пин. 3.01.067-97 РК "Ауыз су. Ауыз сумен қамтудың орталықтандырылған жүйелеріндегі судың сапасына қойылатын гигиеналық тараптар. Сапа бақылауы.") ауыз судағы минералдық тұздардың (кұрғақ калдықтың) шекті жол берілетін жинақталуы (ШЖЖ) 1 (1,5) г/л құрайды.

3.2. АЕМ-нің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін бағалау алгоритмі

Барлық жіктеу факторлары бойынша көрсеткіштердің жиынтық сомасы әрбір АЕМ бойынша айқындалады. Бұл үшін олардың бастапқы мәндерін анықтау негізінде зерттеліп отырған жиынтықтың көрсеткіштерін топтастыру мақсатында бөлу қатарларын т ұ р ғ ы з у жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Өлшемдердің үш блогы бойынша алынған АЕМ баллдарының жиынтық сомасы экологиялық қауіпсіздік пен ауыз судың болуы жөніндегі түзету коэффициентіне көбейтіледі. Оған әлеуетті бағалауға нақты аумақтың экологиялық жай-күйіне түзету енгізуге мүмкіндік беретін 0-ден 1-ге дейінгі мәндер берілген. АЕМ-де қолайлы экологиялық ахуал болған ретте 1-ге тең мән беріледі, бұл оның баллдарының жиынтығына әсер етпейді. Ал экологиялық проблемалардың болуы проблеманың тереңдігіне қарай елді мекенге 0,25 және 0,75-ке тең балл береді, мұның өзі АЕМ әлеуетінің а қ ы р ғ ы б а ғ а с ы н а ә с е р е т е д і .

Экологиялық проблемалары бар АЕМ-дер неғұрлым қолайсыз болып табылады. Мұндай АЕМ-дердің кейбірінің әжептәуір өсу перспективасы бар. Бірақ оларда тұру

денсаулық үшін аса қауіпті.

Әрбір АЕМ үшін әрбір фактор бойынша көрсеткіш әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің жиынтық балын көрсету үшін жалпыланып қорытылады. Жиынтық балдар бойынша барлық АЕМ-дер перспективалылық факторларының әсер ету дәрежесіне қарай төрт топқа бөлінеді.

АЕМ-дер балдардың жиынтық сомасының негізінде төрт санатқа (типке) топтастырылады:

- Даму әлеуеті жоғары АЕМ - 70 балдан астам;
- Даму әлеуеті орташа АЕМ - 35-69 балл;
- Даму әлеуеті төмен АЕМ - 1-34 балл;
- Ерекше қолайсыз экологиялық жағдайлы АЕМ - 01 балл.

4. Ауыл аумақтарын әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу

4.1. АЕМ-ді өлшемдер топтары бойынша топтастыру

Республиканың барлық 7660 АЕМ-дері өлшемдердің әрбір тобы тұрғысында бағаланған (6 кесте)

6 кесте

Республика АЕМ-ін өлшемдер топтары тұрғысында перспективалылық деңгейі бойынша топтастыру

Облыстар	АЕМ саны	Экономикалық әлеует			Инженерлік инфрақұрылым		
		Төмен	Орта.	Жоға.	Төмен	Орта.	Жоға.
		ша	ры		ша	ры	
		0-15	16-40	41-60	0-14	15-24	25-30
Ақмола	689	16	566	107	32	284	373
Ақтөбе	441	160	281	-	18	309	114
Алматы	826	107	674	45	36	300	490
Атырау	198	43	155	-	52	101	45
Батыс Қазақстан	517	17	465	35	46	412	59
Жамбыл	382	19	338	25	27	149	206
Қарағанды	506	109	387	10	62	190	254
Қостанай	766	102	566	98	104	432	230
Қызылорда	274	80	194	-	68	132	74

Маңғыстау	40	1	39	-	-	11	29
Оңтүстік Қазақстан	896	34	836	26	125	477	294
Павлодар	509	86	415	8	93	246	170
Солтүстік Қазақстан	759	12	496	251	16	315	428
Шығыс Қазақстан	857	1	767	89	37	344	476
Жиыны	7660	787	6179	694	716	3702	3242

К е с т е н і ң

ж а л ғ а с ы

	Облыстар			Әлеуметтік даму		
				Төмен	Орташа	Жоғары
				0 - 4	5 - 8	9 - 10
Ақмола			98		419	172
Ақтөбе			37		361	43
Алматы			105		676	45
Атырау			81		106	11
Батыс Қазақстан			81		383	53
Жамбыл			19		310	53
Қарағанды			68		355	83
Қостанай			103		643	20
Қызылорда			92		169	13
Маңғыстау			3		33	4
Оңтүстік Қазақстан		132			647	117
Павлодар			157		262	90
Солтүстік Қазақстан		1			625	133
Шығыс Қазақстан			242		569	46
Жиыны			1219		5558	883

4.1.1. Экономикалық әлеует бойынша

Жоғары дамыған экономикалық әлеуетті топқа республиканың 694 АЕМ-дері (9,1%) кіреді. Осы топтағы АЕМ-дің ең көп саны Солтүстік Қазақстан (33,1%), Ақмола (15,5%), Қостанай (12,8%), Шығыс Қазақстан (10,4%) облыстарында.

Орташа экономикалық әлеуетті АЕМ 6179 (80,7%). Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарында - бұл 90%-ан астам Ақтөбе және Солтүстік Қазақстан - 60%-ға жуық, қалған облыстарда - 70-90%.

Төмен экономикалық әлеуетті АЕМ 787 (10,3%). Мұндай АЕМ-дер бәрінен де

Ақтөбе (36,3%), Қызылорда (29,2%), Қарағанды (21,5%), Атырау (21,7%) облыстарында көп (13 диаграмма).

13 диаграмма

Қазақстан Республикасының АЕМ-дер экономикалық әлеуеті бойынша топтастыру

13 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

4.1.2. Инженерлік инфрақұрылымның даму деңгейі бойынша

Жіктеу бойынша 3242 АЕМ - 42%, инженерлік инфрақұрылымның даму деңгейі жоғары тобына, 3702 АЕМ (49%) орташа деңгейге және 716 АЕМ (9%) әлсіз деңгейге ж а т қ ы з ы л д ы (1 4 д и а г р а м м а) .

Инженерлік инфрақұрылым даму деңгейі жоғары АЕМ-нің неғұрлым жоғары саны Маңғыстау - 72,5%, Алматы - 60%, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан - 56%-дан, Ақмола және Жамбыл - 54%-дан және Қарағанды - 50% облыстарында болып шықты.

14 диаграмма

Қазақстан Республикасының АЕМ-дер инженерлік инфрақұрылым бойынша топтастыру

14 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

Инженерлік инфрақұрылымның даму деңгейі орташа АЕМ-нің неғұрлым көп саны Батыс Қазақстан - 80%, Ақтөбе - 70%, Қостанай - 56% және Оңтүстік Қазақстан - 53% о б л ы с т а р ы н а к е л е д і .

Инженерлік инфрақұрылымның даму деңгейі төмен АЕМ-нің ең көп саны Атырау, Қызылорда және Павлодар облыстарында - тиісінше 26,25 және 18%.

4.1.3. Әлеуметтік даму деңгейі бойынша

АЕМ-нің көпшілігі - 7660-тан 5558-і немесе 72% - жіктеу нәтижесінде әлеуметтік даму деңгейі орташа топқа жатқызылды. Деңгейі жоғары топта 883 АЕМ бар. Мұның өзі жалпы санынан 11% құрайды, ал әлеуметтік даму деңгейі төмен топта - республика АЕМ-нің 1219-ы немесе 16%-ы. Әлеуметтік дамудың жоғары даму деңгейімен Ақмола - АЕМ-нің 25%, Павлодар және Солтүстік Қазақстан - 17,5% және Жамбыл - 14% облыстары сипатталады (15 диаграмма).

15 диаграмма

Қазақстан Республикасы АЕМ-дерін әлеуметтік дамуы бойынша топтастыру

Алматы	826	-	826	-	-	-	826
Атырау	198	2	196	-	-	-	198
Батыс Қазақстан	517	-	517	-	-	167	351
Жамбыл	382	-	382	-	23	110	249
Қарағанды	506	-	506	-	-	-	504
Қостанай	766	-	766	-	-	-	766
Қызылорда	274	-	274	-	-	24	250
Маңғыстау	40	-	40	-	-	-	40
Оңтүстік Қазақстан	896	-	896	-	13	49	834
Павлодар	509	-	509	-	-	-	509
Солтүстік Қазақстан	759	-	759	-	-	-	759
Шығыс Қазақстан	857	-	857	-	-	5	852
Жиыны	7660	2	7658	-	36	354	7268

К е с т е н і ң

ж а л ғ а с ы

Облыстар	Судың сапасы (судағы тұздың мөлшері)			
	3 гр/л- ден а с а	2-3 гр/л	1,5-2 гр/л	0-1,5 гр/л
	К о э ф ф и ц и е н т			
	k0	k0,25	k0,75	k1
Ақмола	-	91	19	579
Ақтөбе	-	1	40	400
Алматы	-	-	-	826
Атырау	-	-	-	198
Батыс Қазақстан	-	-	-	517
Жамбыл	-	-	-	382
Қарағанды	-	2	32	472
Қостанай	-	-	-	766
Қызылорда	5	10	78	181
Маңғыстау	-	-	3	37
Оңтүстік Қазақстан	1	-	80	815

П а в л о д а р	-	-	-	5 0 9
Солтүстік Қазақстан	14	66	180	498
Шығыс Қазақстан	-	6	8	843
Жиыны	20	176	440	7023

4.2. АЕМ-ді әлеуметтік-экономикалық дамудың жиынтық көрсеткіші бойынша жіктеу

Жіктеу облыс әкімдіктері табыс еткен, халқының жалпы саны 7 193 869 адам болатын республиканың барлық 7660 АЕМ-рі бойынша жүргізілді. Жіктеу бойынша 1062 АЕМ (14%) даму әлеуеті жоғары топқа (1 566 869 адам), 5664 АЕМ (74%) - даму әлеуеті орташа топқа (5329147 адам), 776 АЕМ (10%) - даму әлеуеті әлсіз топқа (288242 адам), 22 АЕМ (0,3%) - экологиялық жағдайы ерекше қолайсыз топқа (9611 адам) жатқызылды, 136 АЕМ-де (1,7%) - тұрғындар жоқ (16 диаграмма, 8 кесте). Республика АЕМ-ін облыстар кесіндісінде санаттау 2 қосымшада келтірілген.

16 диаграмма

Қазақстан Республикасының АЕМ-ін жиынтық көрсеткіш бойынша топтастыру

16 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

8 кесте

Қазақстан Республикасының АЕМ-ін әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейі бойынша жіктеу

Облыстар	АЕМ		Халық Экологияның жай-күйі ескерілген, жиынтық көрсеткіш			
	саны	адам	жоғары халық орташа халық	70-100	саны 35-69	саны
					бал.	
Ақмола	689	434863	152	147725	434	225532
Ақтөбе	441	291716	1	1702	357	273036
Алматы	826	1217091	103	333203	672	879710
Атырау	198	262870			159	252832
Батыс Қазақстан	517	380912	34	67753	441	304682
Жамбыл	382	567860	38	87729	300	445794
Қарағанды	506	306738	33	34772	395	261418
Қостанай	766	515952	131	113908	550	385196

Қызылорда	274	360257	6	11871	154	319380
Маңғыстау	40	76168			40	76168
Оңтүстік Қазақстан	896	1420318	66	200181	752	1157062
Павлодар	509	304560	33	53225	385	249850
Солтүстік Қазақстан	759	442868	256	212119	406	196108
Шығыс Қазақстан	857	611696	209	302681	619	302379
Барлығы	7660	7193869	1062	1566889	5664	5329147

К е с т е н і ң

ж а л ғ а с ы

Облыстар	Экологияның жай-күйі ескерілген, жиынтық көрсеткіш				
	төмен 1-34 бал.	халық саны	ерекше қолайсыз экол-лық жағдайлы	халық саны	тұрғын халықсыз
Ақмола	96	61606			7
Ақтөбе			83		16978
Алматы	36	4178			15
Атырау	37	9458		2	580
Батыс Қазақстан	28	8477			14
Жамбыл			44		34337
Қарағанды	68	10548			10
Қостанай	74	16848			11
Қызылорда	103	25469	5	3537	6
Маңғыстау					
Оңтүстік Қазақстан	72	62702	1	373	5
Павлодар	40	1485			51
Солтүстік Қазақстан	78	29520	14	5121	5
Шығыс Қазақстан	17	6636			12
Барлығы	776	288242	22	9611	136

4.2.1. Даму әлеуеті жоғары АЕМ-дер

Даму деңгейі жоғары санатқа барлық бағалау өлшемдері бойынша жиынтық балы 70-тен әрі және одан жоғары АЕМ-дер жатқызылды. Даму деңгейі жоғары АЕМ-нің ең үлкен мөлшері Солтүстік Қазақстан - 33,7%, Шығыс Қазақстан - 24,4%, Ақмола - 22% және Қостанай - 17% облыстарында. Атырау және Маңғыстау облыстарында даму

әлеуеті жоғары АЕМ жоқ, Ақтөбе облысында - 1 АЕМ, Қызылорда - 6 АЕМ (17 диаграмма).

17 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

4.2.2. Даму әлеуеті орташа АЕМ-дер

Даму әлеуеті орташа АЕМ санатына бағалаудың барлық өлшемдері бойынша жиынтық балы бойынша 35-тен 69-ға дейін, қоса алғанда, тұрғын халқы 5 329 147 адам 5664 АЕМ жатқызылды (9-сурет). Бұл топ АЕМ-дің саны бойынша ең үлкен топ. Осы топтағы АЕМ-дің үлес салмағы облыстар кесіндісінде шамамен бірдей. Маңғыстау облысында барлық АЕМ-дер осы топқа түсті. Ақмола, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында осы топтағы АЕМ-дің үлесі шамамен барлық АЕМ-дің жартысын алады. Қалған облыстарда мұндай АЕМ-дің үлесі 70% және одан жоғарыны құрайды (18 диаграмма).

18 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

4.2.3. Даму әлеуеті төмен АЕМ-дер

Даму әлеуеті төмен АЕМ-дер санатына бағалаудың барлық өлшемдері бойынша жиынтық балы 1-ден 34-ке дейін қоса алғанда, 776 АЕМ жатқызылады. Даму әлеуеті төмен АЕМ-дің ең көп саны Қызылорда - 38%, Атырау және Ақтөбе - 19%, Қарағанды - 14%, облыстарында. Маңғыстау облысында мұндай АЕМ-дер жоқ. Қалған облыстарда даму әлеуеті төмен АЕМ үлесі 15%-дан кемірек (19 диаграмма).

19 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз.

4.2.4. Ерекше қолайсыз экологиялық жағдайлары АЕМ-дер

Бұл топқа нөлдік жиынтық халқының саны 9611 адам болатын, ерекше қолайсыз экологиялық жағдайдағы 22 АЕМ кірді. Бұл Атырау облысындағы радиациялық аяның деңгейі жоғары 2 (580 адам) АЕМ, сапалы ауыз судың жоқтығына байланысты Қызылорда облысындағы 14 АЕМ (5121 адам), Оңтүстік Қазақстан облысындағы 1 АЕМ (373) (Диаграмма 20).

20 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз.

АЕМ-ді жіктеу бойынша деректер экономикалық әлеуетті дамыту әрі инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымға инвестициялар жасау жөніндегі ұсыныстарды нақтылау үшін әрбір өлшем және әрбір көрсеткіш бойынша талданады 12 Солтүстік Қазақстан облысы. (Диаграмма 21).

Нақтылау нәтижесінде ауыз судағы тұздардың жоғары мөлшеріне орай 4-топқа түскен, бірақ жоғары және орташа экономикалық әлеуеті бар Қызылорда облысының 2 АЕМ-де және Солтүстік Қазақстан облысының 12 АЕМ-де Экологиялық проблемасу тазарту құрылыстарын салу есебінен шешілетіндігі айқындалады. Алайда бұл жағдайда да су тазарту құрылыстарын салуға кететін шығыстар мен осы ауылдық аумақтардың экономикалық пайдасына егжей-тегжейлі есептеулер жүргізілетін болады.

Республикада халық тұрмайтын 136 АЕМ бар. Мұндай АЕМ-дер бәрінен де Павлодар облысында - 51 АЕМ (10%) Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе және Жамбыл облыстарында мұндай АЕМ-дер жоқ (диаграмма 21)

21 диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз

5. Ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу шаралары

5.1. Ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталатын бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігі

Әлеуметтік-экономикалық өлшемдер бойынша жүргізілген жіктеу ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың бағыттарын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Осы уақытқа дейін экономикалық инвестициялау бағыттарының негізділігін объективті түрде бағалауға мүмкіндік беретін құрал болған жоқ.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес инвестициялау объектілерін таңдаған кезде мынадай басымдықтар ұсынылады.

Әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымды салуға және қайта жаңғыртуға инвестицияларды даму әлеуеті жоғары және орташа АЕМ-ге бағыттау қажет. Жіктеу деректері бойынша әрбір АЕМ-дегі нақты ахуалды қарау, инвестициялауға жататын объектілерді айқындау, құнын есептеп шығару және оның сомасын қаржыландыру көздерінің мүмкіндіктерімен теңдестіру қажет. Агроөндіріс және қайта өңдеу салаларының өсу, өткізу рыноктарын кеңейту бағдарламаларын әзірлеу, кірістердің ықтимал шамасын есептеп шығару және соларға сәйкес елді мекеннің ауылдық мигранттарды қосымша қабылдау тұрғысындағы ықтимал сыйымдылығын есептеп шығару қажет.

Даму әлеуеті төмен АЕМ бойынша экономикалық қызметтің қосымша салаларын дамыту және табыстардың өсу мүмкіндігін қарау, тіршілікті қамтамасыз ету қызметтерін нормативтік қалыпқа жеткізуге арналған шығыстарды бағалау, оларды қоныс аударуға арналған ықтимал шығыстармен салыстыру және қаражат салудың неғұрлым тиімді нұсқасы бойынша анықтау қажет. Бұл жұмысты жүргізу үшін қаражатты қолда бар білім беру және денсаулық сақтау объектілерін жөндеуге ғана бағыттау, байланыс және көлік қатынасы қызметтерімен қамтамасыз ету жөн.

Ерекше қолайсыз экологиялық жағдайлы аумақтар жаңадан инвестицияланатындар тізімінен шығарылуға тиіс. Бұл аумақтар бойынша неғұрлым қолайлы жерге қоныс аударуды ынталандыратын шаралар бойынша есептеулерді дайындау және қоныс аударуға арналған қаражатқа қажеттілікті, жайласуға, мал мен өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алуға арнап кредиттеуді, ауыл шаруашылығы қызметін жүргізуге арнап бөлінетін жер учаскелерінің көлемдерін айқындау қажет.

Әр түрлі АЕМ-дер үшін олардың экономикалық әлеуетіне қарай сараланған

мемлекеттік қызметтерді беру жөніндегі жан-жақты қамтитын көп секторлы стратегияны талдап жасау мемлекеттік бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға бағытталған. Жіктеу нәтижелері бойынша ауылдық аумақтарды дамытуға инвестициялар салу жөніндегі бірінші кезекті шаралармен даму әлеуеті жоғары 1062 АЕМ және жиынтық даму деңгейі орташа, бірақ жоғары экономикалық әлеуеті бар 132 АЕМ қамтылатын болады.

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен экологиялық қауіпсіздігіне мониторинг жүргізілген кезде АЕМ-ді жіктеудің өзгеруі мүмкін, соған байланысты инвестициялардың бағыттары түзелетін болады.

Мемлекеттік реттеу шаралары министрліктер, агенттіктер және әкімдіктер ұсынған бағыттар бойынша АЕМ-ді жіктеу негізінде әрбір елді мекен бойынша топтастырылған.

5.2. Ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі және экономикалық қызмет аясының кеңеюі

Ауыл тұрғындарының тіршілігін қамтамасыз етудің көкейге қонымды деңгейін қамтамасыз ету үшін АЕМ кірістілігін арттыру мақсатында экономикалық қызметтің барлық салаларын кеңейту жөнінде шаралар қолдану қажет.

Агроөнеркәсіп кешенінің өсуін қамтамасыз ету саласында бюджет қаражатын бөле отырып, мемлекеттік қолдаудың негізгі шаралары Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасы (бұдан әрі - МАБ) мен облыстық агроазық-түлік бағдарламаларында көзделген.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі бәсекеге қабілетті өнімді өндіру және ішкі және сыртқы рыноктарда сату көлемдерін ұлғайту жолымен қамтамасыз етілетін болады. Егістік алқаптарының құрылымын оңтайландыру, ғылыми негізделген егістік айналымдары мен егіншілікте жаңа прогрессивті технологияларды өндіру; су сақтаушы технологияларды өндіру; тұқым шаруашылығының базасын жаңарту, минералдық тыңайтқыштарды, улағыштар мен гербицидтердің пайдаланылуын арттыру; селекциялық-асыл тұқымдандыру жұмысын интенсификациялау; аналық мал басын жоғары өнімді өндіргіштердің ұрығымен жасанды ұрықтандыру мен барынша қамту; малдың жаңа тұқымдарын дамыту үшін жағдайлар туғызу; мамандандырылған орта және ірі тауарлы өндірісті қалыптастыру, ұлттық ветеринария жүйесін сапалық жаңа деңгейге көшіру жөніндегі шаралар көзделеді.

Мысалы **Алматы** облысында ауыл шаруашылығы өндірісін өсіруді экономикалық тиімді дақылдардың егістік алаңдарын кеңейту мен шығымдылығын арттыру есебінен қамтамасыз ету жоспарлануда. Облыста арнайы жер қоры бар, оның алаңы 1095,7 мың га, оның ішінен 70,4 мың га егістік, олардың ішінен шаруа және қосалқы қожалықтар ұйымдастыру үшін жер беріледі. Келешекте негізгі иеленушілер жеке жер

пайдаланушылар шаруа қожалықтары және акционерлік қоғамдар болады. 2005 жылдың соңына қарай шаруа (фермерлік) қожалықтарының саны - 39500-ге, заңдық құрылымдардың саны - 900-ге жетеді.

Айналымға 1020 га тынайған жарамсыз, соның ішінде 403 га суармалы жерді тарту есебінен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде егістікті ұлғайту орын алады. Жұмыс істеп тұрған сүт зауыттары мен цехтарының, қант зауыттары мен жүнді бастапқы өңдеу жөніндегі фабрика қуаттарының жүктемесін ұлғайту белгіленген.

Шығыс Қазақстан облысында астық себуші аудандарда дәнді дақылдарды өндіруді ұлғайту мақсатында тыңайған жерлерді пайдалану есебінен егістік алқаптарын кеңейту көзделуде, егістіктің құнарлылығын ұстап тұру (минералдық тыңайтқыштар енгізу, гербицидтерді, пестицидтерді қолдану) жөніндегі іс-шаралар белгіленген, тұқым шаруашылықтары желісі одан әрі дамуға ие болады.

2003 жылдан бастап Үржар ауданының шаруашылықтарында соя өсіру қайта жаңартылады. Суландыру жүйесінің желісін салу жүргізілген (Дүниежүзілік Даму банкінің қаражаты есебінен), Күршім ауданында 3,5 мың га дейін суармалы жер алқабы картоп, көкөніс және дәнді дақылдар өндіруге пайдаланылатын болады. Қатонқарағай ауданында марал өсіру, басқа аудандарда етті мал өсіруді дамыту жөнінде шаралар белгіленген.

Қостанай облысында мал шаруашылығында асыл тұқымды жылқы өсіруді дамыту, жылқының қостанайлық тұқымын көбейту және оның негізінде қазақ - бірегей тұқымдық қасиеттері бар міністік тұқымын шығару жөнінде шаралар көзделеді. Осы мақсатта 2005 ж. жылқы өсіру кешенінің - ат зауыты мен халықаралық санаттағы атшабардың (ипподромның) құрылысы басталады. Арқалықта, Амангелді, Жангелдин аудандарында бір-бірден үйірлі жылқы өсіретін асыл тұқымды шаруашылық құру белгіленген. Өсімдік шаруашылығында халықаралық рынокта үлкен әрі тұрақты сұранысқа ие бидайдың күшті және қатты сорттарын, сондай-ақ елдің өсімдік майына, жармаға, тығыздалған жемдерге, қайта өңдеуші салалар үшін шикізатқа деген ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында жемдік астық, маслина, бұршақ және жарма дақылдарын: кемінде 2745,7 мың тонна бидай дақылын, арпа - 270,4 мың тонна, қарақұмық - 3,6 мың тонна өндіруді ұлғайтуға бағытталған, нарықтық конъюнктураны ескере отырып, астық өндірісінің құрылымын оңтайландыру жөнінде шаралар көзделген.

Оңтүстік Қазақстан облысында Қызылқұм және Келес алаптарының құрылысын жалғастыру көзделеді, мұның өзі мақта егілетін суармалы жер алқабын 90-95 мың га-ға арттыруға және ауыл тұрғындары табыстарының қосымша көздерін жасауға мүмкіндік береді.

Жер-жерде АЕМ-де ауылдық кәсіпкерлік, соның ішінде мыналар дамуға ие болады:

Шығыс Қазақстан облысында жидектерді, саңырауқұлақтарды қайта өңдеу және жемістерді сублимациялау жөніндегі, ешкі және қой сүтін қайта өңдеу жөніндегі,

шұжық цехтары мен балық өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі цехтар, киіз байпақ басу цехы, наубайханалар мен диірмендер құрылатын болады;

Солтүстік Қазақстан облысында 83 жаңа жұмыс орнын құра отырып, нан-тоқаш, макарон және кондитерлік өнімдерді, алкогольсіз сусындар мен консервтелген балық шығару жөніндегі 21 жаңа кәсіпорынды (өндірістерді) іске қосу күтіледі. 4 тоқтап тұрған қайта өңдеуші өндірістерді, соның ішінде Ақжар ауданында үш және Шал ақын ауданында біреуін қалпына келтіру белгіленген;

Қостанай облысында 15 ауданының даму әлеуеті бар АЕМ-інде әртүрлі өнімдерді қайта өңдеу және шығару жөніндегі 69 жаңа өндірістер - диірмендер - 14 бірлік, жалпы қуаты 5000 т, наубайханалар - 20 бірлік, жалпы қуаты - 8000 мың бөлше, макарон цехтар - 7, мұздатқыш қасапханалар - 2 (1 тн/тәулік), жарма өндіру жөніндегі цехтар - 2, өсімдік майын өндіру жөніндегі цех - 3 (10 тн/жыл), кондитерлік цехтар - 3 (135 т/жыл) және т.б. ашу жоспарланады;

Маңғыстау облысында Каспийдің жағалау аймағында орналасқан АЕМ-де балық аулау және сақтау, оны қайта өңдеу жөніндегі өндірістер құрылатын болады;

Оңтүстік Қазақстан облысында жеміс-көкөніс консервілерін өндіру жөніндегі 3 цех, виноматериалдарын өндіру жөніндегі - 3 цех, шикі мақтаны өңдеу жөніндегі - 3 цех ашу белгіленеді;

Алматы облысында 7 АЖМҚ, 3 ТҚКС, 52 шаштараз, 3 тігін цехы қатарға қосылады;

Қостанай облысында ауылдарда 308 объектіні ашу көзделеді: жалпы сауда алаңы 6000м² болатын 196 дүкен, отыратын орындарының жалпы саны 700 болатын 29 кафе мен бар, 35 шаштараз, 14 дәріхана, 5 жаңа автобус бағыттары және т.б. ашу көзделеді.

Қарағанды облысында ауылда кірістерді арттыру мақсатында 27 дайындау-сатып алу пунктін ашу көзделеді, Шығыс Қазақстан облысында ет өндіруге маманданған шалғайдағы аудандардың АЕМ-де терең мұздатқыш камералары бар мал сою цехтарын құру жоспарланады. 2 ірі АЕМ-де - оларды тоңазытқыш-танкерлермен жарақтай отырып, сүт дайындау пункттерін құру жоспарланады. Қой шаруашылығы аудандарында Семей ЖОБ фабрикалары мен тері-мех комбинатының қаражаты есебінен жүн мен тері шикізатын жинау жөніндегі дайындау пункттерінің желісі құрылатын болады.

Туристiк инфрақұрылым объектілерін дамыту туристiк базаларды, сауықтыру кешендерін, мейманханаларды, туризм бойынша құрал-жабдық пен жарақтарды өндіру жөніндегі цехтар салуды көздейді.

Мысалға: **Ақмола** облысында - инвестициялық жобалар есебінен дамитын "Бурабай" курорттық аймағы туристiк инфрақұрылымды объектілерді дамыту көзделеді;

Батыс Қазақстан облысында "Ақжайық" шипажай-профилакторийін қайта жаңғырту жүргізілетін болады, облыстың барлық аудандарында (Шыңғырлаудан өзге)

аудандық туристер станцияларын салу жоспарланады. Станцияның базасында экология, өлкетану және археология бөлімдерін ашу жоспарланады. Туристердің материалдық-техникалық базаларын нығайту үшін Чапаево с., Бөрлі а., Шыңғырлау а., Дарьинское с. құрал-жабдықтар мен жарақтар өндірісі дамитын болады. Шетелдіктерді қажетті және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін 2005 жылы Бөрлі ауданында ақпараттық туристік орталық салу жоспарланады (Бөрлі селосы). Туристік-өлкетану және қорықты жерлердің бірегей орналасуына байланысты 2006 жылы Новопетровка селосында (Қарағаш қорығы) және Жымпиты селосында туристер үшін демалыс базасын, Бөкей Орда ауданының Орда селосында туристік-өлкетану кешенін салу жоспарланады;

Солтүстік Қазақстан облысында Шалқар көлінің жағалауында 2004 жылы туристік-сауықтыру кешенін салу белгіленген;

Маңғыстау облысында туристік инфрақұрылым құру жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылатын болады, бұл ретте жұмыс істейтін бағыттарда қызмет көрсету объектілері - жедел тамақтану нүктелері, мейманханалар және басқалар құрылатын болады.

Әрбір АЕМ бойынша ауыл халқының көкейге қонымды табыс деңгейімен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігіне тиісті статистикалық формаларды әзірлеу және ауыл округтерін статистиктеріне деректер жинауды тапсыру қажет. Бұның өзі мемлекетке жыл сайын келешекті АЕМ-ді қолдаудың қабылданған шараларының тиімділігін ізерлеп отыруға және ауыл халқының табысын одан әрі арттыру жөніндегі қадамдарды айқындауға мүмкіндік береді.

5.3. Инженерлік инфрақұрылымды дамыту, көлемдері мен қаржыландыру көздері

5.3.1. Сумен қамту

АЕМ-ді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейін және су ресурстарының қатшылығын қысқарту ауыл шаруашылығын, қайта өңдеуші өндірістер мен шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай туғызу жөніндегі құрал ретінде сондай-ақ, республикадағы әлеуметтік, демографиялық және санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру факторы ретінде қаралады. Техникалық іс-шараларды жүзеге асыру сумен қамту жүйелері мен құрылыстарының жұмысын жақсартуға, олардың жұмысын неғұрлым тиімді етуге, су беруге арналған шығыстарды төмендетуге мүмкіндік беретін жаңа технологиялар мен техникалық шешімдерді енгізуді көздейді.

Адам ағзасы үшін зиянды химиялық қоспалардан тазартуды қамтамасыз ететін Шаңқанай кен орнының табиғи цеолиттерінің негізінде су дайындаудың қазіргі заманғы технологияларын пайдалана отырып, су тазарту станцияларын салу көзделуде.

Әлсіз және қатты тұзданған суды тұздан арылту және ауыз суды алу үшін темірді, марганецті кетіру, судың қышқылдылығын түзету, сондай-ақ қатандығын азайту

міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін отандық жабдықты пайдалану көзделеді.

Жоғарыда аталған жұмыстарды орындау сапалы ауыз сумен республиканың 2411 АЕМ-нің қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

АЕМ-ді ауыз сумен қамтамасыз ету проблемасын шешу 2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасына және республика облыстарын мынадай бағыттар бойынша сумен қамтамасыздандыру бағдарламаларына сәйкес көзделеді:

сумен қамту жүйесінің объектілерін салу көзделген. Облыстық кесіндіде Батыс Қазақстан облысында 145,2 км су құбырлары желісін, суды деманганациялау жөніндегі станцияны су тартқы салу көзделеді. Қарағанды облысында да су құбырлары желілерін, ұңғылар салу көзделеді. Солтүстік Қазақстан облысында Есдәулет, Көбеңсай және Қарашат жер асты су көздерінен Уәлиханов және Ақжар аудандарында су құбырларын салу, елді мекендер үшін жер асты суларынан топтық ұңғылық сутартқылар құрылысы, елді мекендерде айырық желілерді қайта жаңғыртуы және Ақжар ауданындағы Шат, Қарашат, Ащысу өзендерінде бөгеттер салу жоспарланады;

Сергеев су торабын қайта жаңғырту жөніндегі жұмыстардың күллі кешені аяқталатын болады, мұның өзі республиканың Солтүстік өңіріне тұрақты су беруді қамтамасыз етеді және аудан халқының тұрмыстық мұқтаждарын қанағаттандыру үшін электр энергиясын шығаруды ұлғайтады;

сумен қамту жүйелерінің объектілерін қайта жаңғыртуды және техникалық қайта жарақтандыруды жүзеге асыру көзделеді. Соның ішінде сумен қамту жүйелерінің пайдаланылу жай-күйін бабында ұстау үшін жұмыс істеп тұрған жүйелерін қалпына келтіру және жетілдіру. Алматы облысының су құбырлары желілерін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, 4 ұңғы бұрғылау белгіленген. Тасып әкелетін суды пайдаланатын Алакөл ауданының - Қамысқалы, Ұялы, Алакөл а. және Панфилов ауданының Ақкент а. қолда бар желіні қайта жаңғырту жүзеге асырылады. Батыс Қазақстан облысында су құбырлары желілеріне күрделі жөндеу жүргізу, топтық су құбырларын қайта жаңғырту, құрал-жабдықтарды жөндеу, сутартқы, шахталық құдықтар салу, терендіктегі сорғыларды ауыстыру, тазарту фильтрлерін орнату белгіленген. Қарағанды облысында су құбырлары желілерін қайта жаңғырту мен күрделі жөндеу жүргізу жоспарланады. Солтүстік Қазақстан облысында топтық су құбырларын қайта жаңғырту көзделген;

Атырау облысында қатты ластануға ұшыраған ауыз су көздерінде сүзгі ретінде шанқанай табиғи цеолиттерін қолдана отырып, су тазарту мәселелерін шешу көзделеді, Солтүстік Қазақстан облысында су тазарту қондырғыларын орнату көзделеді;

жер асты және жер үсті суларының қолда бар көздерін, оларға тазарту құрылыстарын орната отырып пайдалану есебінен, ауылдық сумен қамтуды орталықсыздандыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру.

5.3.2. Электрлендіру

Бағдарламада жаңа электр желілерін тарту, жұмыс істеп тұрған электр желілерін жұмысқа қабілетті күйде ұстауды қамтамасыз ету, халықты және әлеуметтік сала объектілерін электр энергиясымен үздіксіз қамту үшін электр энергиясын беру желілері мен энергетикалық жабдықтардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды әзірлеу көзделген. Ақмола облысында 2004-2010 жылдары жұмыс істеп тұрған электр желілерін жұмысқа қабілетті күйде ұстау үшін қайта жаңғырту және электрді есепке алудың қазіргі заманғы жүйелерін ендіру көзделген. Ақтөбе облысында Әйтеке би ауданының Аққұм селосында, Мартөк ауданының Бұтақ селосында жоғары вольтті желі - 10 кВ Байғанин ауданындағы Оймауыт және Дияр ауылдарында және Шалқар ауданының Аяқұм ауылында 35 кВ жоғары вольтті желі тарту көзделеді. Батыс Қазақстан облысында Қарашығанақ ГТС-інде 40 МВт арналған қосымша төртінші энергоблок құрылысы, электр энергиясын есепке алудың қазіргі заманғы жүйелерін ендіру белгіленген. Қарағанды облысында электр желілерін күрделі жөндеу жоспарланған.

5.3.3. Жолдар

Автомобиль жолдарымен олардағы құрылыстардың сақталуы мен техникалық жай-күйін жақсартудың негізгі бағыттары республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының үлестік қатысуы негізінде инвестициялық бағдарламаларды іске асыру, күрделі, орта және ағымдағы жөндеулерді жүргізу, барлық АЕМ-дің көлікке қол жетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Автомобиль жолдарын нормативтік талаптарға сәйкес келетін деңгейге дейін жеткізу мақсатында мыналар бойынша шаралар қолданылатын болады:

ауыл автожолдарын салу, қайта жаңғырту және күрделі жөндеу. Ақмола облысында жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын дамыту бағдарламасының шеңберінде Бурабай-Астана автотрассасын қайта жаңғырту, жүк көп тасымалданатын бағыттардағы облысаралық (Көкшетау-Қостанай, Көкшетау-Петропавл) ауданаралық байланыстарды (Көкшетау-Атбасар, Макин-Астраханка) қамтамасыз ететін бұзылған жол учаскелерін және шаруашылықаралық автожолдарды қайта жаңғырту және күрделі жөндеу белгіленген. Перспективалы бағыттардағы жолдардың жекелеген учаскелерінің құрылысы (Егіндікөл-Қорғалжын, Қорғалжын-Астана). Ақтөбе облысында Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Елек және Ақтөбе-Болгарка-Шұбарқұдық автожолдарына күрделі жөндеу жүргізу талап етіледі. Алматы облысында жаңа жол салу, оның ішінде Панфилов ауданында Надек - Шежін, Лесновка-Еңбекші, Шолақай - Дихан - Қайрат, Іле ауданында Өтеген батыр-Қарасу. Алакөл ауданында жолдарды, соның ішінде ең көп ұзындықты Үшарал-Арқарлы жолын күрделі жөндеу. Батыс Қазақстан облысында жергілікті маңызы бар жолдарды қалпына келтіру жоспарланады. Чапаево-Жаңғала, Жаңғала-Сайхын, Ақсай-Шыңғырлау, Жымпиты-Қаратөбе, Каменка-Шильная, Балка-Богатырево, Аңқаты-Сарыөмір бағыттарында жол төсемін жөндеу, Чапаево-Жаңғала автожолының 15 километрінде көпір өткелін салу,

Самара-Шымкент, Орал-Атырау, Подстепное-Федоровка-гр. РФ және Орал-Каменка-гр. РФ автожолдарын қайта жаңғырту көзделеді. Қарағанды облысында жергілікті маңызы бар автожолдарды күрделі жөндеу, орташа жөндеу, ағымдағы жөндеу, шұңқыр жөндеу жоспарланады. Маңғыстау облысында кентішілік және кентаралық жолдарға күрделі жөндеу жүргізу белгіленеді. Солтүстік Қазақстан облысында ауылдық жерлерден өтетін республикалық маңызы бар жолдарға, жергілікті маңызы бар (күрделі және орташа жөндеу), жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеу жоспарланады; жергілікті жолдар мен жолаушы көлігінің қатынау бағыттарын тиісінше бабында к ү т і п - ұ с т а у .

Облыстың елді мекендерінің ішінде жолаушы көлігі бағыттарының жұмыс істеу үшін қолда бар 11,7 мың шар. м пайдаланудағы төсемдер алаңында күрделі жөндеу және асфальт бетон төсемді 325,7 мың шар.м жаңа жолдар салу көзделеді;

- АЕМ-ді аудан және облыс орталықтармен байланыстыратын автокөлік қатынастарының стандартты деңгейін айқындау;

- ауылдық жерлерде көлік қызметтері рыногын дамыту үшін жағдай туғызу, бұл үшін көлік операторларының санын ұлғайтуға, қосымша жұмыс орындарын құруға, инфрақұрылымды қайта қалпына келтіруге және ауыл шаруашылық өнімдерін өзіндік құнындағы көлік компонентінің деңгейін төмендетуге жәрдемдесу қажет.

5.3.4. Байланыс, телефондандыру, пошта

Ауылда инженерлік инфрақұрылымды дамыту аграрлық сектордың ақпараттық кеңістікке қол жеткізу саласында қазіргі заманғы технологиялардың болуымен тығыз байланысты. Телекоммуникациялар Қазақстан Республикасының инфрақұрылымдық кешенінің маңызды бөлігі болып табылатындықтан олардың серпінді дамуы ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттырудың, қалаларға көші-қон үрдістерін тұрақтандырудың, ауыл халқының өмір сүру стандарттарын жақсартудың шарттарының біріне айналып келеді.

Бағдарламада тұрғындарының саны 200-ден асатын республиканың телефондандырылмаған АЕМ-рінде телефон орнату көзделеді. Телефондандырудың неғұрлым жылдам және тиімді әдісі радиоға қол жетімділік (WLL) пен радиоұзартқыштарды қолдану болып табылады, олар арқылы АТС-ден 30 км-ге дейінгі әрекет радиусында орналасқан елді мекендер сымсыз телефон байланысымен қамтамасыз етіледі. Мысалы, радио қол жетімділікті Атырау облысында - аудан орталықтары Махамбет, Балықшы, Солтүстік Қазақстан облысында аудан орталығы - Саумалкөл, Тайынша, Алматы облысында - аудан орталығы - Талғар, Есік, Шонжа.

Ауыл тұрғындары мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің ақпараттық қамтамасыз етілуіндегі елеулі ақтаңдақты жою мақсатында қазіргі заманғы цифрлық, платформаларда құрылған телекоммуникациялық инфрақұрылым қажет. Ол жалпыұлттық экономика дамуға және ауыл мен қала тұрғындарының арасындағы өмір сүру деңгейі, білім беру және басқа да әлеуметтік қызметтерге қатысты теңдессіздікті (

дисбалансты) жоюға үлес қосатын болады.

ұқсастық АТС-ті цифрлық АТС-ке алмастыру, бұл ретте цифрландыру көрсеткіші 2005 жылдың соңына бүгінгі таңдағы 4,8%-бен салыстырғанда 19%-ға жетеді; мысалы, Қостанай облысында цифрландыру пайызы 17%, Жамбыл - 27%, Атырау - 33%, Ақтөбе - 34 % ;

абоненттерге қалааралық және халықаралық желіге қол жеткізуге жол ашатын АНА (автоматтандырылған нөмір анықтағыш) электронды құрылғылармен жете жарақтандыру, өйткені қазіргі кезде абоненттердің 15%-ы мұндай мүмкіндіктен айырылған; 2005 жылдың аяғына қарай енгізілген сыйымдылығы 50 нөмірден астам барлық АТС-ді АНА электрондық құрылғылармен қамтамасыз ету жоспарланады;

аудан орталығы - ауыл учаскесінде осы учаскелерде арналарды бір мезетте көбейте отырып, біріктіретін желілерді цифрландыру, мұның өзі цифрландыру пайызын 3,5%-дан 24%-ға дейін көбейте отырып, берілетін қызметтердің сапасын едәуір жақсартады;

абоненттік қол жеткізу саласында жаңа технологияларды қолдануды кеңейту - сапалы қызмет көрсетуді ұйымдастыру үшін РСМ (Puls-Code Modulation) құрылғыларын пайдалану ;

шалғайдағы және жол қатынасы қиын аудандар үшін ұлттық спутниктік байланыс желісін одан әрі дамыту ;

ұлттық ақпараттық супермагистральді (ҰАСМ) салу ретіне қарай аудан орталықтары мен ірі АЕМ-де цифрлық ағымдарды немесе арналарды ҰАСМ трассасының бойындағы барлық ұқсастық АТС-ді цифрлық АТС-ге алмастыра отырып, бөлу үшін ТОВЖ (талшықты-оптикалық байланыс желілері) тармақтарын құру көзделген. Бүгінгі таңда ҰАСМ-ге республиканың 46 аудан орталығы мен 16 ауылы қосылған, 2005 жылға дейін ҰАСМ-ге тағы да 35 аудан орталығы мен 5 АЕМ қосылатын болады ;

ауыл абоненттерінің санын 365,0 мыңнан 450,0 мыңға дейін арттыруы нәтижесінде 2005 жылдың аяғына қарай ауылда телефон тығыздығының көрсеткішін 100 тұрғынға келетін телефон аппараттарының санын 5,6-дан 7,6-ға жеткізу;

шалғайдағы және жол қатынасы қиын аудандарда ДАМА типті спутниктік байланыс жүйелерін енгізу. Мысалы, Ақмола облысында спутниктік байланыс станциялары Жарқайың, Қорғалжың, Жақсылық, Есіл және Атбасар аудандарының шалғайдағы кенттерінде орнатылатын болады.

Телекоммуникациялардың жұмыс істеп тұрған желісін модернизациялау да Интернет желісін, электронды пошта және ұтқыр телефон байланысын интенсивті дамытуда маңызды рөл атқарады, мұның өзі телекоммуникациялық қызметтер көрсету көлемінің артуына жәрдемдеседі, ол 2002 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2010 жылға қарай 2,1 есеге артады .

Ауылдық байланыс пен пошта қатынасын 2004-2010 жылдары қалпына келтіру және дамыту үшін, оларды техникалық шешу амалдарын ескере отырып, мыналар

к о з д е л е д і :

ауылда телекоммуникациялар қызметіне әмбебап қол жеткізуді қамтамасыз етуге және ынталандыруға бағытталған мемлекеттік шаралар бағдарламасын әзірлеу, яғни Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 ақпандағы N 168 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы телекоммуникациялар жүйесін дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасына" сәйкес ауылдық байланыстың жаңа операторларының пайда болуы үшін жағдай туғызу;

операторлардың кірістерін қайта бөлу есебінен телефон байланысы қызметінің қ ұ н ы н с у б с и д и я л а у ;

ауылда пошта-жинақ жүйесін дамыту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы қаулысымен бекітілген "Қазпошта" ААҚ 2005 жылға дейінгі Даму жоспарының шеңберінде дамыту;

жылжымалы ПББ, велосипедтер, пошта жәшіктерін, транспорт құралдарын, үйлер мен үй - ж а й л а р с а т ы п а л у ;

үйлер мен үй-жайларды күрделі жөндеу;

пошта жөнiлiтiмдерiнiң сапасын арттыру және жиiлiгiн ұлғайту үшiн 7 бiрлiк мөлшерiнде пошта вагондарын сатып алу.

5.3.5. Газдандыру

Табиғи газбен қамтамасыз ету мүмкіндігі нақты аумақта газ кен орындарының немесе газ құбырлары желісінің болуына байланысты.

Тұтас алғанда АЕМ-ді газбен қамтамасыз ету мәселелерін шешу және энергетикалық ресурстарға қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін мынадай шаралар қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы :

- магистральдық газ бөлу желілерін салу. Ақтөбе облысында 2004-2010 жылдары " Ақтөбе-Мәртөк", "Ақтөбе-Байғанин", "Ақтөбе-Новоалексеевка", "Жаңажол-Жем КС-13 " жоғары қысымды газ құбырларын салу жобаларын іске асыру белгіленген. Алматы облысында Амангелді кен орнын дамытуды ескере отырып, Жамбыл ауданының 30, Қарасай - 22, Іле - 3 АЕМ-де, желілік газбен қамтуды жүзеге асыру көзделген;

кентішілік газ желілерін салу. Соның ішінде Атырау облысында Рақуша, Еркінқала, Дамба, Амангелді, Құрманғазы, Водниково, Талқайраң, Бесікті және Стандарт учаскелерін, Жарсуат, Құрылыс, Исатай (0,3 км), Забурун (9,7 км), Жаңа Жанбай (16,5 км), Жанбай (14,4 км), Алға, Еңбекші, Ортақшыл, Есбол, Ақжайық, Ақтоғай, Алмалы елді мекендерін газдандыру көзделеді. Комсомольск және Қошқар а. газбен қамту үшін Орта Азия - Орталық газ құбырларына газ құбыры тармағын тарту көзделеді;

- орталықтандырылған сұйытылған газбен толтыру және баллондар алмастыру пункттерінің техникалық жарақтануын арттыру;

- ауыл тұрғындарын табиғи газбен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыру республиканың 7 облысында әртүрлі деңгейдегі газ құбырлары желісін салуды көздейді - Алматы, Атырау, Ақтөбе, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және

Оңтүстік Қазақстан облыстарында;

- қалған облыстарда орталықтандырылған сұйытылған газбен толтыру және баллондар алмастыру пункттерінің техникалық жарақтануын көтеру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру көзделеді - Ақмола, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында.

5.4. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту

5.4.1. Білім беру

Ауылда білім беру жүйесін 2005 жылға дейін дамыту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 ақпандағы N 128 қаулысымен бекітілген "Ауыл мектебі" бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Мемлекеттік білім беру қызметтеріне бірдей қол жеткізуді, бастауыш және орта білім беретін оқу орындарының қолда бар желісін сақтауды және одан әрі дамытуды қамтамасыз ететін шаралар көзделетін болады.

Міндетті білім алуға құқықты іске асыру саласында мектеп жасындағы балаларды жалпы орта біліммен толық қамту жөніндегі іс-шараларды іске асыру жоспарланады.

Білім беру сапасын арттыру үшін ауылдық мектептерді колледждер мен кәсіптік мектептерді (лицейлерді) түрлі қаржыландыру көздерінен, соның ішінде жергілікті бюджеттер, демеушілердің, халықаралық ұйымдардың қаражаты есебінен, компьютерлік техникамен, қажетті спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету көзделеді.

Бірыңғай ақпараттық кеңістік қалыптастыру үшін ауылдық білім беру ұйымдарын телекоммуникациялық желілер мен Интернет арқылы техникалық мүмкіндіктер болған ретте Қазақстанның бірыңғай білім беру желісіне қосу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Ауылдық білім беру ұйымдарының материалдық базасын нығайту, оларды жаңа буындағы көрнекі-оқу құралдарымен, оқулықтармен және әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету мақсатында ауылдық жалпы білім беретін, кәсіптік мектептер (лицейлер) мен колледждерге оқушылардың практикасын өткізу үшін жер алқаптарын беру көзделеді.

Бұдан өзге, 2010 жылға дейін ауылдағы білім беру қызметінің сапасын арттыру үшін мыналар көзделеді:

жоғары және орта кәсіптік оқу орындарын бітірген ауылдық жерде жұмыс істеу үшін келген мамандарды заңнамаға сәйкес тұрғын үймен қамтамасыз ету;

- шалғайдағы ауылдардан оқушыларды мектепке арнаулы автокөлікпен жеткізу;

- аграрлық сектор үшін мемлекеттік білім беру гранттары мен мемлекеттік білім беру кредиттері бойынша елдің жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау (ауыл мектептері үшін пед. кадрлар);

- білім беру объектілерін салу. Мысалы, Алматы облысында ауылдық жерлерден келген балалар үшін 2 интернат мекемесін ашу көзделген. 5-6 жастағы балаларды

міндетті мектепке дейін даярлауды жүзеге асыру үшін білім беру ұйымдарында мектепалды даярлық сыныптарын ашуға қаражат бөлінген, сондай-ақ қосымша мектепке дейінгі 15 балалар мекемелері ашылатын болады, 8 жалпы білім беретін мектептер салу көзделген. Атырау облысында 4 мектеп (Курилкино с. 320 оқушы орын, Миялы а. 320 оқушы орын., Үштоған а. 200 оқушы орын., Сафоновка с. 624 оқушы орын.), жергілікті бюджеттен 17 мектеп және 2 мектеп жанындағы интернат салу көзделген. Демеушілік көмек қаражаты есебінен Исатай а. орта мектеп және Доссор а. 2 бастауыш мектеп салу көзделеді. Батыс Қазақстан облысында ауылдық елді мекендерде 22 мектеп салу көзделеді, өйткені жұмыс істеп тұрған мектептер апатты жағдайда (1960-1970 жж. салынған) немесе бейімделмеген үй-жайларда орналасқан. Кейбір елді мекендерде мектептерде спорт залдары, шеберханалар жоқ, сыныптық бөлмелер жетіспейді, сондықтан мектептің қазіргі ғимаратында спорт залын салу көзделеді. Тасқала ауданының Каменка с. балалар музыка мектебі дәрістер екі ауысымда өткізілетін орта жалпы білім беретін мектеп ғимаратында орналасқан, балалармен жеке дәрістер өткізу үшін жағдай жоқ. Осыған байланысты балалар музыка мектебінің үйін салу көзделеді. Қарағанды облысында білім беру процесін жақсарту және мектептерді бейімделген әрі апатты ғимараттардан типтік ғимараттарға көшіру үшін Бағдарлама орта, негізгі, мектеп-интернат және мектепке дейінгі мекемелер салу көзделеді. Бұхар Жырау ауданында өнер мектебін салу, жалпы білім беретін мектеп ғимараттарына жөндеу жұмыстарын жүргізу белгіленеді. Солтүстік Қазақстан облысында негізгі мектепті модернизациялау және бастауыш мектептер етіп және орта мектепті негізгі мектеп етіп қайта ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, мектептерді қайта ұйымдастырумен қатар интернат мекемелерін ашуды көздеу ж о с п а р л а н а д ы ;

- білім беру объектілерін жөндеу және қайта жаңғырту;
- білім беру объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- ауыл мектептері, колледждер мен кәсіптік мектептер мұғалімдердің біліктілігін а р т т ы р у .

Жамбыл облысында төтенше жағдайға (жер сілкінуге) байланысты "Жамбыл облысындағы жер сілкірудің зардаптарын жою және әлеуметтік маңызы бар объектілерді қалпына келтіру жөніндегі бірінші кезектегі міндеттер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27.05. N 492 қаулысына сәйкес 2003 жылы демеушілер қаражаты есебінен 3 мектеп салынып, 11 мекемені күшейту және жөндеу, сондай-ақ 2004-2005 жылдары республикалық бюджет есебінен 4 мектеп салу көзделген.

5.4.2. Денсаулық сақтау

Ауылда денсаулық сақтау жүйесін дамытудың негізгі бағыты медициналық қызметтің сапасы мен оған қол жетімділікті арттыру арқылы халықтың ауруға шалдығуын нақты төмендету болып табылады. Осы міндетті іске асыру медициналық

қызметтер нарығындағы қаржылық құралдарды жетілдіру, ауыл тұрғындарының медициналық қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз етуді жақсарту, салауатты өмір-салтын насихаттау жөніндегі іс-шараларды жандандыру жолымен көзделеді.

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайту және ұстауды жақсарту көзделеді. Медициналық мекемелер салу, денсаулық сақтау объектілерін күрделі, ағымдағы жөндеу және қайта жаңғырту жоспарланады. Атырау облысында Құлсары қ. 70 жатын орындық тубаурухана, Доссор с. 50 жатын орындық тубаурухана, Индербор. кент. 50 жатын орындық және Қызылқоға ауданында 3 ФП, Аққыстау кент. 50 жатын орындық ОАА салу жоспарланады. Кейбір елді мекендерде АДА және учаскелік ауруханалар ғимараттарына күрделі жөндеу қажет. 12 АЕМ-де АДА ғимараттары пешпен жылытылады, төмен температуралық режим байқалады. Оларды газдандыру және Жымпиты а. қазандық салу қажет.

Бағдарлама шеңберінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді жақсарту көзделеді.

Мысалы, Алматы облысында медициналық және фармацевтік көмекке қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін, АЕМ-дің облыс орталықтарынан жырақтығын және жатын орындармен қамтамасыз етілудің төмендігін ескере отырып, Райымбек ауданының Нарынқол, Кеген ауылдарында және Еңбекшіқазақ ауданында, Шелек а. жатын орын желісін арттыру жоспарланады. Бақанас а. 15 жатын орындық ОАА инфекциялық бөлімшесін ашу жоспарланады. Сәбилердің шетінеуін, бір жылға дейінгі балалардың ауруға шалдығуын азайту, ерте жастағы балалардың денсаулығын нығайту және профилактикалық мақсатта 5 сүтхана ашылады.

Ауылдық жерлерде денсаулық сақтау жүйесін дамытудың басым бағыттары болып сол сияқты мыналар айқындалады:

ауыл халқының санитарлық-эпидемиологиялық бақуаттылығын қамтамасыз ету;
ауылдық денсаулық сақтау медициналық қызметкерлерінің біліктілік жүйелі түрде арттыру, тұрғын үймен қамтамасыз ету арқылы денсаулық сақтау ісі жас мамандарының әлеуеттік қорғалу деңгейін арттыру;
салауатты өмір сүру салтын жер-жерде насихаттау және ана мен баланы қорғау;
туберкулезбен ауыратындарға арнаулы медициналық көмек көрсету.

Орталық аудандық және облыстық ауруханаларда тұрғындарының саны аз шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарына қызмет көрсету үшін тұрақты жылжымалы дәрігерлік амбулаториялар құрылатын болады.

ҚР ауыл тұрғындарына медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ара қашықтықпен жергілікті жерлердегі медициналық-техникалық жарақтану деңгейіне қарамастан ауылдық медициналық ұйымдардың практикасына телемедицина және ауруларды диагностикалау мен емдеудің қазіргі заманғы технологиялары ендірілетін болады.

Осы мақсатты іске асыру үшін республиканың ауыл тұрғындарының медициналық қызмет көрсету мен медициналық ақпаратқа телемедицина, ұтқыр медицина бағдарламасын, жасау және медициналық білім беруді жетілдіру жолымен алғашқы медициналық көмек жүйесі деңгейінде қол жеткізуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кешенді бағдарлама жасау көзделеді.

Облыстық ауруханалардың құрамында санитарлық авиация мен орталық аудандық ауруханаларда оның жердегі бөлімшелері қалпына келтірілетін және әрі қарай дамуға и е б о л а д ы .

Ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлерін әлеуметтік қорғауды заңнамалық бекіту, соның ішінде отын алуды, қызметі аралап жүру сипатындағы медициналық қызметкерлердің қоғамдық көлікте тегін жүруін, қызметтің осы түрлерімен қала жағдайында айналысатын медициналық қызметкерлердің ставкаларымен салыстырғанда жалақысын (ставкаларын) кемінде 2%-ға арттыруды з а ң н а м а л ы қ б е к і т у к ө з д е л е д і .

Ауылдық және отбасылық дәрігерлік амбулаториялар, аудандық учаскелік және орталық аудандық ауруханалар олардың емханалық бөлімшелерімен бірге белгіленген нормативтерге сәйкес медициналық жабдықпен және санитарлық автокөлікпен жарақталатын болады, сол сияқты олардың әрқайсысын компьютерлендіру көзделеді.

5.4.3. Мәдениет, спорт, қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық қызмет көрсету

Ауылда мәдениетті дамыту бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістікті нығайту, тарихи-мәдени мұраны сақтау және дамыту, кәсіби өнер мен халық шығармашылығын дамыту жағдайларын қамтамасыз ету, теңдестірілген тілдік және әлеуметтік бағдарланған жастар саясатын жүргізу арқылы қоғамның рухани әлеуетін іске асыруды к ө з д е й д і .

Жұмыс істемейтін мәдениет мекемелерін: аудандық мәдениет бөлімдерін, кітапханаларды, клубтарды, кинотеатрларды және киноқондырғыларды қалпына келтіру жөнінде пәрменді шаралар қолданылады, олар жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын болады. Батыс Қазақстан облысында 2010 жылға дейін мәдениет мекемелерінің желісін кеңейту күтілуде. Бұрынырақ оңтайландыру үдерісінде жабылып қалған мәдениет үйлері мен клубтарды және кітапхананы қолда бар ғимараттарды қалпына келтіру есебінен ашу. Қарағанды облысында мәдениет о б ъ е к т і с і н с а л у к ө з д е л г е н .

Мемлекеттік мекемелер мен мәдениет кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын нығайту жоспарланады.

Ауыл халқын мәдени демалыс және ақпараттық ағарту қызметтері кешенімен қамтамасыз етілу, республикалық театр-концерт ұйымдарының гастрольдік қызметін қ а й т а ж а н д а н д ы р у к ө з д е л е д і .

Ауыл кітапханаларының қорын отандық және әлемдік классика шығармалармен,

қазіргі заманғы жазушылардың кітаптарымен, мерзімді басылымдармен толықтыру, Интернетке қоса отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету көзделген.

Ауылда дене мәдениеті мен спорттың жай-күйін жақсарту, дене мәдениеті мен бұқаралық спортты, жоғары жетістіктер спортын дамыту есебінен жүзеге асырылатын болады. Жоғары класты спортшыларды даярлау үшін қазіргі заманғы база, дене мәдениеті сауықтыру және спорттық құрылыстардың кең желісі құрылатын болады. Туристік саланы экономиканың кірісті саласына айналдыру көзделеді.

Ауылда дене мәдениетінің, спорт пен туризмнің жай-күйін жақсарту үшін мынадай ш а р а л а р к ө з д е л е д і :

- спорт құрылыстарын қайта жаңғырту мен жаңартуды жүргізу;
- дене мәдениетімен және спортпен шұғылдануға арналған спорт алаңдарын салуды ұ й ы м д а с т ы р у ;
- спорт мекемелерін қажетті спорттық жарақтармен және жабдықтармен қ а м т а м а с ы з е т у ;
- спорт инфрақұрылымын құру;
- жергілікті деңгейде балалар мен жасөспірімдерге білім беру бағдарламаларын іске а с ы р у .

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ауылдық учаскелік полиция инспекторлары мен полиция пункттерінің учаскелік полицейлерін көлік құралдарымен, жиһазбен, компьютерлік техникамен, стационарлық рациялармен жарақтандыру ж о с п а р л а н а д ы .

Ауыл халқына құқықтық қызмет көрсетуді жетілдіру білікті заң көмегін көрсету саласында жұмыс істейтін адвокаттардың, нотариустардың және басқа да кәсіби заңгерлердің санын одан әрі арттыруды, ауыл тұрғындарына көрсетілетін құқықтық қызметтер сапасын көтеруді, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару органдарының адвокаттық кеңселерді, заң консультацияларын, нотариаттық кеңселерді орналастыру үшін әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар туғызуын көздейтін болады.

Ауыл халқы үшін құқықтық қызметтердің жүйелілігі мен қол жетімділігі сол сияқты жергілікті мемлекеттік басқару органдарының жергілікті бюджет қаражаты есебінен ауылдық аудандарға құқықтық қызмет көрсетуді жетілдіру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеумен және іске асырумен қамтамасыз етілетін болады.

5.4.4. Тұрғын үй

Тұрғын үй құрылысы саласында мыналар көзделеді:

- тұрғындардың тұрғын үй жағдайын жақсарту және оларды нормативтік көрсеткішке дейін жеткізу. Алматы облысында апатты тұрғын үйлерді бұзу және көнерген тұрғын үйді күрделі жөндеу есебінен тұрғын үй жағдайларын жақсарту к ө з д е л г е н .

Жаңа тұрғын үйлерді қатарға қосу жоспарланады. Солтүстік Қазақстан облысында тұрғын үйлерді пайдалануға енгізу көзделген. Халықтың қаражаты есебінен жалпы

алаңы 102743 шаршы м 863 үйді пайдалануға енгізу жоспарланады; тұрғын үйлер салу мен жөндеу көзделеді; жас мамандарды орнықтыру үшін ведомстволық тұрғын үймен қамтамасыз ету. Ақтөбе облысында тұрғын үйлер құрылысы жоспарланады; ипотекалық кредиттеуді дамыту.

5.5. Ауылдық аумақтардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

АЕМ-дің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметтің бағыттарын нақтылау мақсатында ауылдық аумақтарға экологиялық-демографиялық зерттеу жүргізілетін болады, оларға экологиялық ахуалды сипаттайтын әкімшілік аудандардың экологиялық паспорттары жасалады.

Ауылдық аумақтардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен және басқа көздерден мынадай шаралар көзделеді:

- экономикалық қызметтің табиғи орта үшін қауіпті түрлері бойынша өндірістер мен технологияларға мониторинг жүргізу және осы негізде экологиялық-экономикалық ахуалды болжау, жоспарлау және бағдарламалау;

- өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының ресурс сақтайтын, қалдықсыз технологияларға көшуін, экологиялық таза өнімдерді өндіруді қамтамасыз ететін өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын техника-технологиялық жаңартудың экологиялық-экономикалық тұрғыдан басым жобаларын іріктеп алу үшін нормативтер әзірлеу;

- шөлейттенумен күресу үшін құмның сусымалылығын азайтатын, жеткілікті тығыздықпен сексеуіл екпелерін отырғызу және Аралдың толық тартылуына жол бермейтін, оны сақтау жөніндегі Мемлекетаралық бағдарламаны әзірлеу;

- аумақтарды абаттандыру және санитарлық тазарту;

- табиғат қорғау объектілерін қалпына келтіру, қайта жаңғырту және күтіп ұстау;

- адамның техногендік іс-әрекетінің зардаптарын жою.

6. Ауыл халқын қоныстандырудың оңтайлы моделін әзірлеу

АЕМ-дерді әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу және ауыл халқының әлеуметтік және коммуникациялық кешен қызметтерімен қамтамасыз етілуін арттыру жөніндегі шараларды іске асыру ауылдық қоныстанудың жүйелерін модельдеу үшін негіз жасайды, оны шешу үшін мыналар қажет:

- білім беру, денсаулық сақтау, байланыс, электрмен, газбен және сумен, көлік қатынасымен қамту қызметтерінің қажетті көлемімен қамтамасыз етілу саласында нормативтік базаны, елдің орташа статистикалық тұрғынының өмір сүру сапасының ең төменгі және ұлттық стандарттарын қалыптастыратын экологиялық нормативтерді түзу;

кісінің көптігі* көрсеткіштеріне қарай АЕМ-дердің тиімді нұсқаларын құру үшін білім беру, денсаулық сақтау, байланыс, көлік қатынасы, электрмен, газбен және сумен қамтамасыз ету объектілері бойынша типтік жобалар құнын есептеп шығару;

қалыптасудағы ауыл статистиктері институтының деректері негізінде АЕМ кесіндісінде кірістер көрсеткіштерінің статистикалық есебін жүргізу;

қоршаған ортаға тұрақты экологиялық мониторингті енгізу;

ықтимал кірістерге және өмір сүру сапасының ең төменгі немесе ұлттық стандарттарына қарай айқындалатын АЕМ сыйымдылығын модельдеу;

қазіргі кезде әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасының Өндіргіш күштерін дамыту және орналастыру схемасымен, өңірлік даму, мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің ара-жігін ажырату және бюджетаралық қатынастарды, индустриалдық-инновациялық саясатты жетілдіру бағдарламаларымен үйлестіру.

Нормативтік-құқықтық базаны жасау елеулі уақытты талап етеді, осыны ескере отырып, табиғи-климаттық аймақтарға байлай отырып, ауылдық қоныстанудың оңтайлы моделдер мен ауылдық қоныстанудың ұлттық схемаларын әзірлеу 2006 жылдың соңына қарай, ал оны іске асыру - 2010 жылдың соңына қарай мүмкін болмақ.

Институционалдық негіздер. Бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін ауылдық аумақтарды дамытуды басқару жөніндегі институционалдық құрылымдарды нығайту қажет:

ауыл округтері деңгейінде жергілікті билік органдарының штаттарын кеңейту және материалдық-техникалық базасын нығайту;

уәкілетті мемлекеттік органда ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі мамандырылған құрылым құру және оның ауыл халқын оңтайлы қоныстандыру шараларын әзірлеу мен іске асыру жөніндегі аумақтық басқармаларында мынадай функционалдық міндеттерін айқындай отырып, штат бірлігін бөлу;

қолданыстағы және әзірлену үстіндегі салалық бағдарламаларды үйлестіру; ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның іске асыруына мониторинг жүргізу;

ауыл аумақтарын дамыту мәселелері жөнінде іс-шаралар әзірлеу; ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны насихаттау және түсіндіру.

Ауылдық аумақтарды дамытуда жергілікті өзін-өзі басқару тетіктерін әзірлеу мен іске асыруға үлкен рөл беріледі.

*кісінің көптігі - АЕМ-де тұратын халық саны

Халықты еңбекпен қамту. Бағдарлама елдің аграрлық секторында экономикалық өсуге және даму әлеуеті жоғары және орташа АЕМ-де қосымша жаңа жұмыс орындарын құруға жәрдемдесетін болады.

Ауыл шаруашылығы ұйымдарының келешекке жұмыс күшіне қажеттігі мен 2004-

2006 жылдардағы кезеңге арналған жаңа жұмыс орындарын құру болжамы
а й қ ы н д а л а т ы н б о л а д ы .

Ауыл шаруашылығы өндірісін даму қарқындары халықтың даму әлеуеті әлсіз АЕМ-ден көшуіне, сондай-ақ қолайсыз табиғи-климаттық және экологиялық жағдайлы өңірлерден қоныс аударуына жәрдемдесу жолымен жұмыс күшін пайдалану мүмкіндігін, келешегі жоқ өңірлерден даму үстіндегі өңірлерге ішкі көші-қонды ынталандыру жөніндегі шараларды, сондай-ақ ауыл халқының артық еңбек күші проблемаларын шешуде бағытталған бірқатар басқа шараларды ескеретін болады.

Бағдарлама орталық және жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметінің үйлестірілуін көздейді.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының деңгейінде:

ауыл шаруашылығы өндірісі мен инфрақұрылымды дамытуға қажетті мамандықтар кесіндісінде жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты талдау, болжамдау мен мониторингті жүзеге асыру және еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасын түзу мақсатында жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі органдарға тиісті ақпарат беру;

басқа өңірлерден жұмыс күшін тарту;

мамандықтар мен салалар бойынша қажеттіктерді жоспарлау, кадрлар даярлау және қ а й т а д а я р л а у ;

ұйымдар мен өңірлер арасында жұмыс күшін бөлу және қайта бөлу тетігін әзірлеу;

әлеуметтік-тұрмыстық және сервистік блокты ұйымдастыру;

жаңа тұрғын үйлер құрылысы;

жұмыс күшін тиімді пайдалануға мониторинг;

жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты анықтау мақсатында жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі республикалық деректер базасын пайдалану.

Ауыл шаруашылығы өндірісін кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік і с - ш а р а л а р :

а) орталық атқарушы органдар деңгейінде:

қажет етілетін мамандықтарға оқыту бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру;

білім беру ұйымдарының мамандарды мемлекеттік тапсырыс пен жұмыс берушілердің тапсырыстары негізінде даярлауын ұштастыру;

ҚР еңбек, еңбекті қорғау туралы, жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды күшейту;

б) жергілікті атқарушы органдар деңгейінде:

халыққа кәсіптер мен мамандықтар кесіндісінде жұмыс күшіне сұраныс (бос орындар,) ал жұмыс берушілер үшін - ұсыныс туралы ақпаратты беру;

ауыл шаруашылығы өндірісі үшін қажетті мамандықтар кесіндісінде еңбек нарығының ақпараттық базасы шеңберінде жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау және мониторинг;

ішкі еңбек көші-қонын дамыту;

өңірлерде ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыс істеу үшін мамандарды кәсіптік даярлау мен қайта даярлау үшін оқу орталықтарын құру; білім беру жүйесі ұйымдарында жеделдетілген білім беру-кәсіптік бағдарламалары бойынша жұмысшы мамандықтарына қайта даярлау жүйесін дамыту.

Ауылдық жерлерде жұмыссыздықты еңсеру, оның ауқымын қысқарту үшін жергілікті атқарушы органдар даму әлеуеті әлсіз және даму әлеуеті жоқ АЕМ-де мыналардың есебінен жұмыссыздық деңгейін төмендету жөнінде қосымша шараларды к ө з д е у г е т и і с :

жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстармен қамтуды ұйымдастыру;
жұмыссыз азаматтарды кәсіптік даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау;
тиісті әкімшілік аумақтық бірліктер аумақтарында тұратын халықтың нысаналы топтарын жыл сайын айқындау және жергілікті әкімдердің оларды әлеуметтік қорғану жөніндегі шараларды бекітуі.

7. Ауыл халқының көші-қон ағынын басқару

7.1. Ауыл халқының көші-қонын мемлекеттік реттеу

Көші-қон ағындарын реттеу ауылдық аумақтарды дамытудың аса маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Көші-қон саласындағы қоғамдық қатынастар қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" Заңымен реттеледі, оған сәйкес азаматтарды тұрғылықты жерді таңдау мәселелерінде мәжбүрлеуге жол берілмейді. Сонымен қатар заңда ішкі көші-қон мәселелері реттелмеген. Сондықтан азаматтарды көшіру туралы шешімдер қабылданғанға дейін жоғарыда аталған заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Мемлекеттік көші-қон саясаты ауылдық қоныс аударушыларға қатысты мыналарды к ө з д е у г е т и і с :

ауыл халқының көші-қон ағымдарының көлемін болжау;
елді мекендер кесіндісінде қолда бар қордағы жерлерге есеп жүргізу, олардың жай-күйін талдау, ішкі қоныс аударушылар үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын бөлу т е т і к т е р і н ә з і р л е у ;

әкімшілік аумақтық бөлініс кесіндісінде қалаларда, кенттерде, селолық жерлерде өнеркәсіп, көлік, сауда, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік және инфрақұрылым қызметтері саласының объектілерінде жұмыспен қамтылудың өсуін болжау;

халықтың қоныс аударуын ынталандыру, мемлекеттік кепілдіктер мен жеңілдіктер, субсидиялар мен өтемақылар беру;

бір қоныс аударушыға немесе оның отбасына арнап бекітілген нормативтер негізінде қоныс аударушыларды көшіруге және жайластыруға арналған қажетті қаржы шығыстарын есептеп шығару;

қоныс аударуға арналған шығыстарды кемітуге негізделген көші-қон ағындарының

онтайлы схемаларын әзірлеу, қосымша тұрғын халықты қабылдауға ұсынылатын АЕМ-дер, қала типтес кенттер, шағын қалалар мен қалалар тізбесі мен олардың бюджет ресурстарының мүмкіндіктерімен теңестірілуін айқындау.

7.2. Ауыл халқының көші-қонын басқару кезеңдері

Ауыл халқының жаппай көші-қон ағындарын қалыптастыру үдерісі ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламасын іске асыру кезеңдерімен айқындалатын болады.

Бірінші кезеңде, тиісті тетіктер әзірленгеннен кейін, қолайсыз экологиялық жағдайлы 8 АЕМ-нен, сондай-ақ экономикалық әлеуеттің төмен көрсеткіштеріне ие, даму деңгейі әлсіз топқа кіретін АЕМ-дің бір бөлігінен қоныс аударуды жүргізу болжанып отыр. Облыстық әкімдіктердің ұсынылған деректеріне сәйкес 125 елді мекеннен 6674 адамды көшіру, олардың ішінен 642 адам тұратын елеулі экологиялық проблемалары бар 3 елді мекенінен және даму әлеуеті әлсіз 122 елді мекеннен - 6032 адамды көшіру жоспарлануда. Облыс әкімдіктері Қызылорда - 30, Батыс Қазақстан - 26, Қарағанды - 21 АЕМ-нен неғұрлым қолайлы жерлерге тұрғындарды көшіруді көздеп отыр.

Ішкі көші-қонның негізгі ағындары екінші кезеңде ауылдық қоныстануды онтайландыру жөніндегі шараларды жүргізу шеңберінде күтіледі. Сондықтан қалған кезеңде бұл үдерісті реттеу жөніндегі нормативтік базаны пысықтау, көші-қон ағындарының болжамдық көлемдері мен бағыттарын бағалауды жүргізу және бұл үдерісті мемлекеттік ынталандыру шараларының жүйесін әзірлеу қажет. Реттелетін көші-қонды жүзеге асыру үшін қажетті қаржы ресурстарының көлемі әзірленетін нормативтік базаға және қоныс аударуға ұсынылатын көші-қон ағымдарының шамасына қарай айқындалатын болады.

8. Заңнамалық қамтамасыз ету

1. 2004-2010 жылдарға арналған республикалық бюджет жобаларын әзірлеген кезде Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға арналған қаражатты бөлуді көздеу.

2. "Қазақстан Республикасында ауылды (селоны) және агроөнеркәсіптік кешенді басым дамыту туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 13 ақпандағы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

3. "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына мемлекеттік билік деңгейлері арасында функциялардың ара-жігін ажырату мәселелері бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заң жобасын әзірлеу.

4. "Жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және атап айтқанда шағын ауылдарда өзін-өзі басқару органдарын құру мәселелерін енгізу.

5. "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, ауыл

халқының ішкі көші-қон қатынастарын реттеу және мемлекеттік қолдау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасын әзірлеу және Үкіметке енгізу.

6. Жер кодексіне арнаулы жер қорынан және мемлекеттік қорлардағы жерлерден ерекше қолайсыз экологиялық жағдайлы және даму әлеуеті әлсіз АЕМ-ден қоныс аударушыларға бөліп беру үшін мемлекеттік резерв құру туралы ұсыныстар енгізу.

7. "Әкімшілік аумақтық бөлініс туралы" Қазақстан Республикасының Заңына кенттер мен кенттік округтердің, адам саны 50-ден кем АЕМ, т/ж бекеттерінің және т/ж разьездерінің мәртебесін айқындай отырып, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені пысықтау.

8. Республиканың сыртқы шекаралары аймағында тұрған шекаралық АЕМ-дің мәртебесін заңнамалық тұрғыда айқындау.

9. Ауылдық жерлердегі заңды тұлғаларды құру және тарату үдерісін оңайлату.

10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жер қатынастарын реттейтін қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

11. Мыналарды әзірлеу:

республиканың ауыл тұрғындарының әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымымен қамтамасыз етілу нормативтері;

АЕМ-дегі жерлерге түгендеу жүргізу жөніндегі нұсқаулық; ерекше қолайсыз экологиялық жағдайлы АЕМ-нен тұрғындарды көшіруді ескере отырып, ауылдық аумақтарды пайдаланудың өңірлік схемаларын әзірлеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар;

агроқұрылымдардың аумақтарын ұйымдастыру жөніндегі схемаларды (жобаларды) әзірлеу жөніндегі нұсқаулар;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрі 1991 жылғы 30 желтоқсанда бекіткен АЕМ шегін белгілеу жөніндегі нұсқауларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

12. Бағдарламаның негізгі іс-шараларын ғылыми негіздеу, сондай-ақ халықты инженерлік және инфрақұрылыммен қамтамасыз етудің салалық нормативтерін әзірлеу үшін бұл үдеріске ғылыми ұйымдарды тарту қажет.

9. Қаржылық қамтамасыз ету

Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының шараларын іске асыруға арнап, мынадай қаржы ресурстарын бөлу көзделеді:

республикалық бюджеттен барлығы 3 жылға арнап - 50 млрд. теңге* (4 қосымша), соның ішінде:

2003	жыл	-	16,6	млрд. теңге;
2004	жыл	-	16,7	млрд. теңге;

2006 жыл - 16,7 млрд.теңге;

Олардың ішінен жергілікті бюджеттерге трансферттер - 45 млрд.теңге*, соның ішінде:

2003 жыл - 15 млрд.теңге;

2004 жыл - 15 млрд.теңге;

2006 жыл - 15 млрд.теңге;

Жергілікті бюджеттен - 74,8 млрд.теңге* (5 қосымша), соның ішінде:

2003 жыл - 23,5 млрд.теңге;

2004 жыл - 25 млрд.теңге;

2006 жыл - 26,3 млрд.теңге.

Басқа көздерден - 34,8 млрд.теңге* (6 қосымша):

2003 жыл - 14,4 млрд.теңге;

2004 жыл - 10,1 млрд.теңге;

2006 жыл - 10,3 млрд.теңге.

*цифрлар нақтыланатын болады

10. Күтілетін нәтижелер

Ауылдық елді мекендер тұрғындарының табыс деңгейін арттыру

Ауыл тұрғындарының табыс деңгейін арттыруға екі бағыт бойынша қол жеткізілетін болады - ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, қайта өңдеу көлемдерін өсіру және ауыл шаруашылығы емес бейімдегі кәсіпкерлік қызмет субъектілерін құруды, ауыл нарықтық инфрақұрылымын құруға ынталандыру.

Ауылда барлығы шағын және орта бизнестің қосымша 5480 жаңа кәсіпорындар құралатын болады. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 2004-2006 жылдары ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайту, ауылдық жерлерде экономикалық саланы кеңейту есебінен тұтас алғандай республикада 21358 қосымша жұмыс орындары құрылатын болады.

Халықты инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету

Сумен қамту. АЕМ-дің сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілу деңгейін арттыру және ауыл шаруашылығын, қайта өңдеуші өндірістер мен шағын кәсіпкерлікті дамытуға арналған су ресурстарының қатшылығын қысқарту, сондай-ақ республикада әлеуметтік, демографиялық және санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру үшін республиканың 2411 АЕМ-і қамтылатын болады, соның ішінде 2004-2006 жылдарға

мыналар

көзделген:

салтын насихаттау жөніндегі іс-шараларды жандандыру жолымен көзделеді. Бағдарламаны іске асыру кезеңі ішінде денсаулық сақтау жүйесін дамыту және салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі шаралармен АЕМ-дің көпшілігі қамтылатын болады, соның ішінде:

- 325 АЕМ-де ауруханалар салынады;

- 1774 АЕМ-де денсаулық сақтау объектілерінде күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жүргізіледі.

Білім беру. Ауылда 2005 жылға дейін білім беру жүйесінің моделін қалыптастыру " Ауыл мектебі" бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Мемлекеттік білім беру қызметтерінде бірдей қол жеткізуді, бастауыш және орташа білім беретін оқу орындарының қолда бар желісін сақтау мен оны әрі қарай дамытуды қамтамасыз ететін шаралар көзделеді. Бағдарламаның іс-шараларымен барлық елді мекендер қамтылатын болады, соның ішінде:

- 529 АЕМ-де мектептер салынады;

- 1218 АЕМ-де мектептер, колледждер, кәсіптік мектептер, лицейлер, компьютерлік техникамен қамтамасыз етіледі.

Мәдениет, спорт, туризм және қоғамдық қауіпсіздік

Көзделген шараларды жүзеге асыру нәтижесінде мәдениет және спорт мекемелерінің қызметіне қол жеткізу, ұлттық теледидар мен радио хабарлары бағдарламаларымен 100% игеру қамтамасыз етілетін болады.

Ауылдық жерлерде **қоғамдық қауіпсіздікті** қамтамасыз ету саласында 2181 АЕМ-де ауылдық учаскелік полиция инспекторлары мен полиция пункттерінің учаскелік полицейлерін көлік құралдарымен, жиһазбен, компьютерлік техникамен, стационарлық рациялармен материалдық-техникалық қамтамасыз ету көзделеді.

Ауыл халқы үшін құқықтық қызметтердің жүйелілігі мен қол жетімділігі сол сияқты жергілікті мемлекеттік басқару органдарының жергілікті бюджеттер есебінен ауылдық аудандарға құқықтық қызмет көрсетуді жетілдіру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеп, іске асыруы арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Ауылдық елді мекендердің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. АЕМ-дің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экологиялық қауіпсіздік нормативтері әзірленеді, қолайсыз экологиялық жағдайлы аумақтар нақтыланады.

Ауылдық жерлердегі көші-қон үдерісін реттеу

Ауыл халқының ішкі көші-қон тетіктері, көші-қон үдерістерін реттеу үшін ынталандыру жүйесі әзірленетін болады. 2006 жылдың аяғына қарай табиғи-климаттық аймақтарға және өндіргіш күштерді орналастырудың ұлттық схемасына байлай отырып , ауылдық қоныстандырудың оңтайлы моделі әзірленеді, ал оны іске асыру 2010 жылдың аяғына қарай жүзеге асырылатын болады. Халықты ерекше қолайсыз АЕМ-ден көшіру жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің
 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149
 Жарлығымен бекітілген Ауылдық
 аумақтарды дамытудың мемлекеттік
 бағдарламасына 1-қосымша

**Ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық
 дамуын бағалау өлшемдері**

Жіктеу факторлары	Өлшем бірлігі	Бастапқы мәндер	Көрсеткіштер
-------------------	---------------	-----------------	--------------

1. Экономикалық әлеует 60

Топырақ құнарлығы	Бонитет балы	>45 >25-45 15 - 25	12 7 3
Өткізу рыноктарынан жырақтық дәрежесі	<15 0 АЕМ-нен аудан	<=20 орталығына, т/ж бекетіне, автомагистральға, таяудағы қалаға дейінгі ара қашықтық, км	9 6 3
Кәсіпкерлік белсенділік*	100 тұрғынға	>5 келетін шаруашылық жүргізуші субъектілер	5 4 2
Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді	<1 0 Бар	>4 2-4 дамыту	5 4 2
Жоқ	0 0	1	2

А/ш техникасымен қамтамасыз етілуі*	1) 100 га тракторлар	> 0,5	4
		егістікке келетін	
		0,4-0,5	3
		0,2 - < 0,4	2
		< 0,2	0
	2) 100 га егістікке	> 0,3	4
		0,2-0,3	3
		келетін комбайндар	
		0,1 - < 0,2	2
Ирригациялық жүйелерді пайдалану	Бар және	<0,1 0	7
		пайдаланылады	
	Бар және		3
		пайдаланылмайды	
Егістік*	Жок Бір адамға	0	7
		>5	
		шаққанда, га	
		3 - 5	4
		1 - < 3	2
Жайылымдар**	Бір шартты мал	<1 0	7
		>0,3	
		басына	
	Ірі қара мал, га	0,2-0,3	4
		0,1 - < 0,2	2
		< 0,1	0

II Инженерлік инфрақұрылым 30

Сумен қамту	Су құбырларымен		7
		қамтамасыз етілген	
	Жергілікті көздерді		5
		пайдаланады	
	Суды ашық су тоғандарынан		3
		пайдаланады	
Тасып әкелетін су		0	

Жол	Қатты төсем	7
	Топырақ	3
	Далалық жол	0
Газбен қамту	Газдандырылған	3
	Газдандырылмаған	0
Электр энергиясы	Электр энергиясымен қамтамасыз етілген	7
	Электр энергиясымен қамтамасыз етілмеген	0
Байланыс	Байланыс желілері бар	6
	Байланыс желілері жоқ	0

III Әлеуметтік желілері жоқ

Білім беру	Мектептердің бар болуы және олардың нормаларға сәйкестігі	3
	Бар болуы, бірақ мектептердің нормаларға сәйкес еместігі	2
	Мектептер жоқ	0
Денсаулық сақтау	Медмекемелердің бар болуы және олардың нормаларға сәйкестігі	3
	Бар болуы, бірақ медмекемелердің нормаларға сәйкес еместігі	2
	Медмекемелері жоқ	0
Тұрғын үймен қамтамасыз етілуі*	Бір адамға келетін тұрғын алаңдар, м ²	$\geq 15,6$ $< 15,6$
Еңбекпен қамту*	100 еңбекке келетін жұмыс істейтіндер саны	$\geq 93,5$ ж а р а м д ы л ы ғ ы $< 93,5$
Кедейлік*	ЕМ 100 тұрғынына келетін атаулы	≤ 13 > 13
		ә л е у м е т т і к к ө м е к т і а л а т ы н а д а м д а р с а н ы

IV. Экологиялық қауіпсіздік

Радиациялық ая	Мкр/с	<33	1
		> 3 3	0
Топырақтың	%	Әлсіздік	1
сортаңдауы		Орташа	0,75
		сортаңданған	
		Қатты	0,25
		сортаңданған	
		Аса қатты	0
		сортаңданған	
Судың сапасы	Судағы	1 дейін	1
		минералдық	
		тұздардың	
	деңгейі (гр/л)	1-2	0,75
		> 2 - 3	0,25
	>3	0	
Балдар		Жиыны	100
Даму әлеуеті жоғары	ЕМ		70-100
Даму әлеуеті орташа	ЕМ		35-69
Даму әлеуеті төмен	ЕМ		1-34
Ерекше қолайсыз экологиялық жағдайлы		ЕМ	0

* - талданатын фактордың орташа республикалық көрсеткіш пен арақатынасы арқылы есептеп шығарылады.

** - жайылымдардың нормативтік толтырылуы негізінде есептеп шығарылады - 1га 3 ІҚМ басы.